

АУҒАН ЖЕРІНДЕГІ СЫН САҒАТТАР: ЕРЛІК ПЕН ЕСТЕЛІК

КСРО тұсында ұзақ уақыт көп адамның өмірін қиған – Ауған соғысының орны зор. Әскери құрылымы құрыштай қуатты КСРО бұл соғыста он жыл бойы әскерін Ауғанстан территориясында ұстады. Биыл аталған соғыстың аяқталғанына аттай 36 жыл толып отыр.

1978 жылы сәуір айында төңкеріс жасап, Ауғанстан билігін басып алған Н.Тараки бастаған коммунистер ел басқару тізгінін қолдарына алғанымен, оны ұстап тұра алмады. Коммунистердің билікке келуі және олар жүргізген реформалар халық көңілінен шықпады. Жер-жерде наразылық шаралары ұйымдастырылып, ақыры билік пен халық арасында қарулы текетірес пайда болды. 1979 жылдың соңына қарай елде ірі көлемді әскери ұрыс-қимылдары басталып, Ауғанстанның 26 провинциясының 18-інде қарулы қақтығыстар болды. Елдегі шиеленісті жағдай АДР басшыларын бірнеше рет Кеңес Одағына әскери қолдау мен көмек сұрап жүгінуге мәжбүрледі. «Ауғанстанның заңды үкіметінің» өтінішін ескеріп және 1978 жылғы 5 желтоқсандағы шартты, сондай-ақ БҰҰ Жарғысының мемлекеттердің өзін-өзі қорғау құқығы туралы 51-бабын



алға тартып, КСРО Ауғанстанға қарулы күштерін кіргізуге келісті.

Ауғанстанға әскер кіргізу жөніндегі саяси шешімді желтоқсанның 12-сі күні кеңес басшыларының шағын ғана тобы қабылдады. Түркістан әскери округінен (ТүрӨО) Ауғанстанға кіретін 40-армия құрылып, оған қолбасшылыққа генерал-лейтенант Ю.Тухаринов тағайындалды. 25 желтоқсан күні мемлекеттік шекараны кесіп өту Мәскеу уақыты бойынша 15.00 (жергілікті уақыт бойынша 17.00) басталды.

1980 жылы қаңтар айында 40-армия Ю.Тухариновтің қолбасшылығымен елдің маңызды аудандарына орналасты. Ауғандық армиямен бірлесіп әкімшілік орталықтарды, қажетті нысандарды, әуежайларды және Хайратон-Кабул, Кушка-Герат-Кандагар, Кабул-Жалалабад, Пули-Хумри-Құндыз-Файзабад автомагистралдарын қарауылдауға алды. Кеңес әскерлері барлығы 21 провинцияны, тоғыз әуежайды (Кабул, Баграм, Шинданд, Кандагар, Құндыз, Жалалабад, Гардез, Герат, Файзабад) қамтамасыз етті.

Кеңес әскерлерінің ең алғашқы соғыс қимылы 1979 жылы 27 желтоқсанда Х.Әминнің көзін жоятын «Дауыл-333» жауынгерлік операциядан басталып, 1989 жылы қаңтардағы «Тайфун» операциясымен аяқталды. 40-армия Ауғанстанда ірі көлемде «Дауыл-333», «Кунар», «Паншер», «Құндыз», «Магистраль», «Удар», «Тайфун» және т.б. операциялар жүргізді. Бұл айтылған әскери операцияларға мыңдаған жауынгерлер мен әскери техникалар қатысты.

Ең алғашқы, үлкен қарулы қақтығыс 1980 жылдың ақпан-наурыз айларында өткен Кунар операциясы еді. Алғашқыда, моджахедтер отряды ашық түрде соғысуды жөн көрді, бірақ, «тасадан атқылау» тактикасына өтуге мәжбүр болды. Өйткені, ашық қақтығыстарға олардың күші тең келмеді. Ауғанстанның тау шатқалдарын қиялай кесетін Кунар өзенінің жанында Бақытжан Ертаев (бүгінде Халық Қаһарманы) басқарған батальон орналасты.

Жалғасы 6-бетте.

**Батырдың ізі
сайрап жатқан
шекара**




3

**«НҰР ЖОЛЫ»
– ҚАУІПСІЗДІК
КЕПІЛІ**



5

**Дәстүр
мен
Жаңашылдық**



12

Заңсыз көші-қон сұрақтары талқыланды

Ағымдағы жылдың 29 қаңтары күні ҰҚК Шекара қызметі Түркістан облысы бойынша департаментінде «Заңсыз көші-қон сұрақтары» тақырыбында қызметтік жиналыс өткізілді. Қызметтік жиналысқа ҰҚК Шекара қызметі директорының орынбасары генерал-майор Төлеужан Жүнісов басшылық етіп, оған Түркістан облысы мен Шымкент қаласы бойынша өзара әрекет етуші құрылымдық бөлімшелердің басшылары қатысты.



ҰҚК Шекара қызметі директорының орынбасары генерал-майор Төлеужан Жүнісов қызметтік жиналысқа қатысушыларға ҰҚК Шекара қызметінің былтырғы жылы заңсыз көші-қонмен күресудің алдын алу бағыты бойынша жүргізген жұмыстарын сонымен қатар қандай мәселелермен бетпе-бет келгендігі туралы ақпараттарды және қызметтік жиналыстың өткізілу деңгейін, жоспарын жеткізді.

ҰҚК Шекара қызметі шекаралық бақылау департаменті бас-

тығының бірінші орынбасары полковник Ғани Ағаділов Қазақстан Республикасы көші-қон заңының талаптары негізінде Түркістан облысындағы өткізу бекеттері арқылы өтетін еңбек мигранттарынан анықталатын кемшіліктер туралы баяндама жасады.

ІІМ көші-қон қызметі комитеті төрағасының орынбасары Жанар Қожахметова елімізге келетін және елден шығатын еңбек мигранттары, оларды бақылау үшін жасалынып жатқан шаралардың легі туралы баяндама жасады.



«Заңсыз көші-қон сұрақтары» тақырыбында өткізілген қызметтік жиналыс қорытындысы бойынша Түркістан облысы деңгейіндегі полиция мен шекара қызметі өкілдері арасында заңсыз көші-қонның алдын алуға бағытталған бірлескен бұйрық шығарылып, екі ведомство өкілдері заңсыздықтың алдын алуға бағытталған жүйелі жұмыс жасау туралы келісімге келді. Бұл жұмыс еліміздегі заңсыз көші-қонның алдын алуға бағытталып отыр.

Қызметтік жиналыс соңында Төлеужан Сабырұлы Түркістан облыстық және Шымкент қаласы бойынша өзара әрекет етуші құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына бірлесіп жұмыс жасауға деген ынталары үшін алғысын білдірді.



Майор Р. НҰРМЕТ
«OS-ЧР». Суреттерді түсірген автор.

ӘСКЕРИ ТӘРТІП – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтып өткендей, қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын терең орнықтыру қажет.

Әскер қатарында заң мен тәртіптің сақталуы – айрықша маңызды міндет. Жас азаматтар әскерге Отан алдындағы борышын өтеуге барады. Жас сарбаздарымыз өз міндетін алаңсыз орындауы үшін, әскерде ең алдымен, темірдей тәртіп болуы тиіс.

Қарулы күштер мен басқа да күштік құрылымдар осы талапты мүлтіксіз орындауы талап етіледі. Әр ата-ана әскерге кеткен баласын мемлекетке сеніп тапсырады. Сондықтан, сарбаздардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне ең алдымен, әскер басшылығы және құқық қорғау мекемелерінің басшылары жауапты.

Өскемен гарнизонының әскери құқық қорғау органдарының басшылығымен «Әскери тәртіп» тақырыбында деңгелек үстел өткізілді.

Аталған іс-шараға ҚР ҰҚК ШҚ Директорының орынбасары полковник Серік Рахимов, Өскемен гарнизоны әскери прокурорының орынбасары әділет подполковнигі Арман Калымов, ҚР ІІМ «Шығыс» Өңірлік әскери тергеу басқармасының Өскемен бөлімінің бастығы подполковник Дархан Касенов, ҚР ҰҚК ШҚ ШҚО бойынша департаментінің басшылығы және әскери қызметшілері қатысты.

Жиын әскердегі тәртіпті күшейтуге бағытталған. Одан бөлек жастарды әскери патри-



тизмге тәрбиелеу болып отыр.

Кездесуді ҚР ҰҚК ШҚ Директорының орынбасары полковник С. Рахимов ашып, жиынға шақырылған құқық қорғау органдарының басшылығын, қызметкерлерін таныстырды және өткізіліп отырған іс-шараның маңыздылығын көңінен баяндап өтті.

Сондай-ақ, Шекара қызметінде өткізіліп жатқан әскери тәртіпке бағытталған жұмыстарды, әскери тәртіптің міндеті мен тәрбиелеу әдістері туралы сөз қозғады.

Сонымен қатар, екінші мәселе ағымдағы жылға арналған құқықбұзушылықтардың алдын алуға арналған жоспарларды іске асыру мақсатында, өзекті тақырыптарға тоқталып, жоғары басшылықтардың талаптарын жеткізді.

Өз кезегінде Өскемен гарнизоны әскери прокурорының

орынбасары әділет подполковнигі А. Калымов, алдымен өткен жылы Өскемен гарнизонында түрлі себептер бойынша орын алған әкімшілік және құқықбұзушылық деректерін қатысушыларға жеткізіп, оған жол бермеуге шақырды.

ҚР ІІМ «Шығыс» Өңірлік әскери тергеу басқармасының Өскемен бөлімінің бастығы подполковник Д. Касенов, анонимді сауалнамалар, сұхбаттар жүргізу бойынша гарнизонның күш құрылымдарының әскери психологтарымен және құқық қорғау органдары қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасай отырып, шекара бөлімшелеріне бірлескен профилактикалық шығуларды ұйымдастыру бойынша жұмыстар өткізу керектігін айтып, мерзімді қызметтің әскери қызметшілерінің ата-аналарының (туыстарының) ақша аударымдарын тоқтату

қажет екендігі туралы мәселені көтеріп, шектеу қоюын ұсынды.

Одан басқа, әскери қызметшілерге деңгелек үстел тақырыптары бойынша жан-жақты түсінік беріліп, әскери тәртіптің талаптары толық түсіндірілді. Одан өзге жиынға қатысушылар өз ұсыныстары мен пікірлерін ортаға салып, туындаған сұрақтар бойынша пікір алмасты.

«Кездесу өте мазмұнды өтті, барлық Шекара қызметінде әскери тәртіпті жоғары деңгейде ұстанып, оны қалай үнемі жақсартуға болатыны туралы көптеген мағлұматтар мен ұсыныстар айтылды. Әскери тәртіп әрбір әскери қызметшіні өзінің әскери борышын адал атқаруға міндеттейді. Ал әскери адамдардың бұл қасиетке жақын болуы ішкі тәртіптің күштілігінде», - деп түсіндірді департамент бастығының тәрбиелік, идеологиялық және кадрлық жұмыстар жөніндегі орынбасары полковник Серік Бершбаев.

Жиынды қорытындылаған полковник Серік Рахимов әскери тәртіп пен басқа да құқықбұзушылықтардың алдын алу шараларын күшейту бойынша негізінде біршама тапсырмаларды бекітті.



Майор Г. БАКЕТОВ,
«OS-ЧР». Суретті түсірген автор.

УВАЖАЕМЫЕ КОЛЛЕГИ!

Оперативная пограничная группа ФСБ России в Республике Казахстан поздравляет военнослужащих, ветеранов Пограничной службы КНБ Республики Казахстан, выполнявших интернациональный долг, с 24-ой годовщиной вывода казахстанского Отдельного сводного стрелкового батальона с таджикско-афганской границы и с 36-й годовщиной вывода советских войск из Афганистана.

Прошло немало времени, но никогда не будет забыт ратный подвиг людей в погонах, проявивших мужество, героизм и отвагу при выполнении интернационального долга. Воины-интернационалисты всегда были и останутся для всех поколений пограничников России и Республики Казахстан примером беззаветного служения Родине, с честью выполнивших свое призвание.

Афганистан оставил неизгладимый след в судьбе многих ветеранов Пограничной службы КНБ, находясь в ветеранском строю и воспитывая новые поколения пограничников, они продолжают хранить память о солдатах и офицерах в зеленых фуражках, выполнявших до последнего свой интернациональный долг.

Выражаем сердечную благодарность воинам-интернационалистам Пограничной службы Республики Казахстан и от всей души желаем вам, вашим родным и близким, крепкого здоровья, долгих лет жизни, благополучия, мира и добра!

Руководство, сотрудники
Оперативной пограничной
группы ФСБ России
в Республике Казахстан

Батырдың ізі сайрап жатқан шекара

Биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығы. Жыл сайын 9 мамыр күні көңілге мұң ұялатып, көзге еріксіз жас тұндыратын ұлы мерекеге орай жасалатын шаралар шаш-етектен. Бұл – өз алдына, ел шебінде тұрған шекара бөлімшелерінің бірі туралы қалам тербер алдында бір ойдың қылаң бергені...

Біз жазатын бөлімше – атауы. Ұлы Отан соғысында жасаған ерлігі үшін осыдан тура 80 жыл бұрын Кеңес Одағының Батыры атағын алған Шекара қызметінің аңыз адамы, генерал-лейтенант М.Меркуловтың есімі берілгеніне биылғы жылдың қыркүйегінде ширек ғасыр толады. «Демек...» – дедік те, батыр шекарашы атындағы шекара бөлімшесінің бастығы аға лейтенант Әділхан Көлбаймен байланысқа шықтық. Сосын жас офицерден мамыр айындағы атаулы мереке бойынша дайындығын сұрадық.

Бөлімше бастығы ірікленген жоқ. – Әрине, шекара басқармасы бекіткен жоспарға сай жұмыс істейтін боламыз. Дегенмен, біздің бөлімше Ұлы Отан соғысында жанқиярлық ерлік көрсеткені үшін ең жоғары атаққа ұсынылған шекарашы атында болғандықтан, өз тарапымыздан да жасалатын шаралар аз емес. Ең алдымен, бізден үш шақырым жердегі Сарыбастау ауылындағы мектепке барып, жоғары сы-



нып оқушылары үшін «Ерлік сабағын» өткіземіз. Шекара қызметінің батыры Матвей Кузьмичтің өмірі туралы айтып береміз. Осында құрылған «Шекарашының жас досы» үйірмесінің мүшелерін бөлімшеге шақырып, шекарашылардың қызметімен таныстырамыз. Жоспарлар көп, – дейді аға лейтенант Ә.Көлбай. Әрине, жергілікті халық М.Меркуловтың кім екенін біледі. Дегенмен, «Жас өспей ме, жарлы байымай ма!» демекші, аңыз адамның көзін көрген кешегі баланың өзі бүгін жастарға насихат айтатын дана қарттардың қатарын толықтырды. Сондықтан біздің міндет – қарттарымыз арқылы жастарға Ұлы Жеңістің



жас ұрпақ үшін қаншалықты маңызға ие екенін жеткізу.

Офицер дұрыс айтып тұр еді: «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран» қағидасы өміршең болуға тиіс. Сонда ғана Ұлы Жеңісті жақындатушылардың сұрапыл соғыс жылдарындағы ерліктерін ел жадында жаңғырта түсетін боламыз.

...Біз атаулы шекара бөлімшесіне жасаған журналистік сапар кезінде шекара нарядымен бірге ел шебіне аз шыққан жоқпыз. Бірақ, бұл – өзге шекара нарядтарының қызметіне мүлде ұқсамайтын. Есекартқан тауындағы Шоқанды ынтықтырған Шартас болғаны үшін. Осы

орайда, шекарашылар күзететін Шартасқа қатысты тағы бір деректі айтпай кету мүмкін емес. Өткеннен жеткен аңыздардың бірі былай дейді: «Шартастағы көп ұңгірлердің біріндегі жалпақ таста адам жұдырығы сиятын тесік бар. Бұл туралы үлкен кісілер «Кезінде бұл тесік тасқа Манас батыр атын байлапты. Аты өте ақылды болыпты. Иесі басын бос қоя бергенде Текестен су ішіп, Тұздықкөлдің тұзын жалап қайтады екен».

Иә, өзіне барған сайын таңғалдырып, тамсандырумен болатын Шартас! Бүгін осы Шартасқа дейін барып, оң қапталға бұрылып кететін шекара нарядын бөлімше бастығының өзі басқарды. Олар осы жүргеннен көрші «Сүмбе» шекара бөлімшесімен түйісетін жерге дейін барады. Құрамына әскерге өткен жылдың көктемінде алынған қатардағы жауынгерлер Темірлан Тынышжан, Бауыржан Жылқыбаевтар кірген. Туған үйлеріне оралуға аз қалған шекарашылар Шартастың ішін бес саусағындай білетіндеріне сенімдіміз. Бәрінен де атаулы шекара бөлімшесінде қызмет атқарған сарбаздар өздерінің аңыз адам, Кеңес Одағының Батыры М.Меркуловтың ізі сайрап жатқан шекараның бойында қызмет атқарып жүргендерін біледі.

Міне, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңындағы айтарымыз осы!



**Әскери журналист
Т.ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР».**
Суреттер автордың
мұрағатынан.



Абай облысы Мақаншы ауданы Бақты ауылында орналасқан «Майтолғазы» шекара бөлімшесі – 1968 жылдан бері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету мен қорғау ісінде маңызды рөл атқарып келеді. Бөлімше құрылған сәттен бастап, ел қауіпсіздігін сақтау мақсатында үздіксіз қызмет етіп, шекараны сенімді күзетумен айналысуда. Мемлекеттік шекараның мызғымастығын қамтамасыз ету – тек әскери бөлімшенің ғана емес, бүкіл елді мекен тұрғындарының да ортақ борышы. Осы мақсатта бөлімше жергілікті халықпен тығыз байланыс орнатып, бірлесе жұмыс атқарады.

«Майтолғазы» шекара бөлімшесі қазіргі заманғы талаптарға толықтай сәйкес келеді. Мұнда қару-жарақ сақтау орындары, жаттығу қалашықтары, автотұрақтар мен түрлі бағыттағы қоймалар қарастырылған. Сондай-ақ, бөлімшенің аумағы мен жауапты учаскелері қажетті инженерлік құрылыстармен, тосқауылдармен қамтамасыз етілген.

Шекарашылар – отансүйгіштік пен қайсарлықтың символы. Әр әскери қызметші елге берген антына адалдық танытып, Қазақстан шекарасын сенімді қорғау жолында аянбай еңбек етеді.

«Майтолғазы» шекара бөлімшесінің негізгі міндеттері мыналар: Мемлекеттік шекараны қырағылықпен күзету, есірткі, психотроптық заттардың елге заңсыз кіруіне тосқауыл қою, шекара бұзушылық әрекеттердің алдын алу, діни-экстремистік топтардың ел тыныштығын бұзуына жол бермеу. Жергілікті билік органдарымен және тұрғындармен бірлесіп шекараны қорғау.

Бөлімше өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Әскери Жарғыларға және басқа да заңнамалық құжаттарға сәйкес жүзеге асырады.

Шекарашылардың күнделікті қызметі – мемлекеттік шекараны күзетуге қатысу және бөлімшенің қызметтік-жауынгерлік тапсырмаларын орындау. Күн сайын әскери қызметшілер жоспарлы сабақтарға қатысып, тәжірибелік жаттығулар өткізеді. Сондай-ақ шекарашылардың кәсіби

«МАЙТОЛҒАЗЫ» шекара бөлімшесі – мемлекеттің сенімді қорғаны

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы – егемендігіміздің символы, тәуелсіздігіміздің берік шебі. Сол шекараны күндіз-түні күзетіп, ел тыныштығын сақтап отырған ерлердің бірі – «Майтолғазы» шекара бөлімшесінің әскери қызметшілері. Бұл бөлімше ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінің Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты.

деңгейін арттыру мақсатында теориялық және практикалық оқыту жүйелі түрде ұйымдастырылады. Физикалық дайындық – әрбір шекарашы үшін маңызды талап. Олардың дене дайындығы, жауынгерлік қабілеті мен психологиялық тұрақтылығы жоғары деңгейде болуы шарт.

Қазіргі таңда «Майтолғазы» шекара бөлімшесі шекараны қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде заманауи техникалық құралдарды кеңінен қолданады. Пилотсыз ұшу аппараттары, бейнебақылау жүйелері мен түрлі байланыс құралдары арқылы шекара қызметін жетілдіру жолында ауқымды жұмыстар атқарылууда.

Шекара бөлімшесі жергілікті халықпен тығыз байланыста жұмыс істейді. Әкімдік, мектептер және қоғамдастық өкілдерімен бірлесе отырып, түрлі мәдени, патриоттық және тәрбиелік іс-шаралар өткізіледі. Бөлімше ұйымдастыратын шаралар қатарында: Ашық есік күндері, патриоттық тәрбие беру мақсатында мектеп оқушыларымен кездесулер, бірлескен рейдтік іс-шаралар, қайырымдылық акциялары бар. Бұл жұмыстар жас ұрпақтың бойында патриотизм мен мемлекеттік шекараға деген құрметті қалыптастыруға бағытталған.

«Майтолғазы» шекара бөлімшесі көптеген шекара бұзушыларды құрықтауда көзге түскен. Олардың бірі – 2014



жылы Қазақстан Республикасынан заңсыз өтпек болған Қытай Халық Республикасының азаматын ұстау оқиғасы. Бұл жағдай бөлімше қызметкерлерінің жоғары кәсібилігі мен шекара күзетіндегі табандылығын айқын көрсетті.

Шекара бөлімшесі алдағы уақытта шекараны қорғау жүйесін одан әрі жетілдіруді, жаңа технологиялар мен байланыс құралдарын енгізуді жоспарлап отыр. Бөлімше қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын жақсарту да – басты назарда.

«Майтолғазы» шекара бөлімшесі Қытай Халық Республикасымен шекаралас аймақта орналасқандықтан, екі елдің шекара қызметтері тығыз ынтымақтастық орнатқан. Өзара тәжірибе алмасу, бірлескен патрульдеу және шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы шаралар жүйелі түрде жүргізіледі.

Капитан Ералы Ильясов – «Майтолғазы» шекара бөлімшесінің бастығы. 1996 жылы Абай облысы, Аягөз қаласында дүниеге келген. 2018 жылы ҚР ҰҚК Шекара академиясын бітіріп, шекара қызметінде бірнеше жылдық тәжірибе жинақтады. 2021 жылдан бастап бөлімше бастығы лауазымын атқарып келеді. Оның басты мақсаты – шекара күзетін жетілдіру және әскери тәртіпті нығайту.

Лейтенант Рахым Нұрмағамбет – бөлімше бастығының орынбасары. 2001 жылы Алматы қаласында туған. 2024 жылы ҚР ҰҚК Шекара академиясын тәмамдап, «Майтолғазы» шекара бөлімшесінде қызмет жолын бастады. Өз ісіне берілген, болашақта елдің шекара қауіпсіздігін нығайту жолында еңбек етуді мақсат тұтқан офицер.

«Майтолғазы» шекара бөлімшесі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасының сенімді қорғаны. Мұндағы әрбір шекарашы өз елінің тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін аянбай еңбек етеді. Бөлімше келешекте де өз міндетін жоғары деңгейде атқара отырып, ел шекарасының берік қорғаны болып қала береді!



**Лейтенант
Е. ҚАЙРТАЙ,
«OS-ЧР».**
Суреттер шекара
бөлімшесінен.

Қырағылық – басты міндет

Ел шебін күзету – әрбір шекарашы үшін қасиетті міндет. Осы жауапкершілікті абыроймен арқалап келе жатқан Шекара қызметінің Павлодар облысы бойынша департаментіне қарасты «Керегежар» шекара бөлімі 2002 жылдың 24 наурызында Павлодар облысы, Железинка ауданы, Железинка ауылында құрылған.

Бүгінде бұл шекара бөлімі өзіне қарасты Рахат, Тұрсын, Желтоқсан және Баянауыл секілді шекара бөлімшелерімен бірлесе 375 шақырымдық мемлекеттік шекара аумағын көзінің қарашығындай күзетіп келеді. Шекара бөлімі Ресей Федерациясының Новосібір және Омбы облыстарымен шектесіп жатыр. Ерке Ертістің жағасында бой тепкен бұл өңір табиғатының әсемдігімен қатар ауа-райының қатаңдығымен де ерекшеленеді. Соған қарамастан шекарашылар қызметіне берік, антына адал. Өткен 2024 жыл Керегежар



шекара бөлімі үшін табысты жылдардың бірі болды десек артық айтпаған болар едік. Қызметтік-жауынгерлік дайындықтың жоғары деңгейін көрсеткен шекаралық бөлім, әскери қызметшілердің қажырлы еңбегі мен өз ісіне деген адалдығының арқасында жыл қорытындысы бойынша бірінші орынды иеленді.

Керегежар шекара бөлімінің тізгіні қазір капитан Ермек Есмагуловтың қолында. Ол бұл лауазымда 2024 жылдың 2 қыркүйегінен бастап қызмет атқарып келеді. Басшылыққа келген сәттен бастап ол әскери бөлімшенің әлеуетін нығайтып,

жауынгерлік дайындықты жаңа деңгейге көтеруге бағытталған бірқатар игі істерді қолға алды.

Отан алдындағы міндетін мінсіз орындауға ұмтылған шекарашылар үшін Тұрсын шекара бөлімшесі негізінде жаңа топтық ату полигоны салынды. Соның арқасында Керегежарға қарасты шекаралық бөлімшелер шекарашыларының әскери шеберлігі шыңдалып, жауынгерлік қабілетін арттыруға зор мүмкіндік туды.

Керегежарлықтар тек қызметте ғана емес, спортта да үздік нәтиже көрсетіп жүрген жайы бар. Олар қызметтен тыс уақытта белсенділік танытып, түрлі



спорттық және қоғамдық іс-шараларға қатысады. 2024 жылғы аудандық футбол жарысында команда жүлделі екінші орынға ие болды. Сондай-ақ, әскери қызметшілердің бірі – ефрейтор В. Тюрин Шаңғы биатлонынан өткен өңірлік жарыста үшінші орынға ие болып, Керегежар бөлімінің абыройын асқақтатты. Бұл – шекарашылардың тек жауынгерлік дайындықта ғана емес, спортта да алдыңғы қатардан көрініп жүргенінің айғағы.

Қазіргі таңда Керегежар шекара комендатурасында жеке құрам негізінен жергілікті тұрғындардан жасақталған, ал офицерлер ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Академия-

сында білім алған еліміздің әр түкпірінен жиналған тәжірибелі білікті мамандар.

Шекарашылар өз қызметімен ғана шектелмей, қоғамдық жұмыстарға да белсене атсалысып тұратынын байқадық. Қарттарға қамқорлық танытып, әлеуметтік көмек көрсету сияқты шаралар шекара бөлімінің игі дәстүріне айналған. Сондай-ақ, Железинка мектептерімен бірлесе отырып, «Ашық есік күнін» ұйымдастыру да жиі өткізіп тұратын көрінеді. Бұл қадамдары арқылы жас ұрпақтың әскери қызметке деген қызығушылығын арттырып, патриоттық сезімдерін оятуға септігін тигізіп келеді.

Осылайша мемлекеттік шекараны күзету арқылы Отан алдындағы қасиетті парызын орындап жүрген Керегежар шекара комендатурасы алдағы уақытта да абырой биігінен көрініп, ел тыныштығының сенімді қорғаны бола бермек.



Г.Садыкова,
«OS-ЧР».
Суреттер шекара
бөлімшесінен.

ЖИЫН

Арнайы жасақ – айрықша міндет



«Ерлік тек соғыста жасалады» деген бекер. Бейбіт заманда да ерліктер жасалады оны жасайтын сіз бен біз секілді қарапайым адамдар. Ал оны өз деңгейінде жасау үшін тынбастан еңбек ету керек. Осы тәмсілді басшылыққа алған түркістандық шекарашылар арнайы жасақ өкілдерімен жиын өткізді.

Арнайы мақсаттағы бөлім офицерлерінің жиыны Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасының базасында ұйымдастырылып, жиынның жетекшісі ретінде департаменттің жауынгерлік даярлық және әскерлер қызметі басқармасының бастығы полковник Қ. Станбеков белгіленді. Қуат Армияұлы басшылық еткен жиын 2025 оқу жылының жедел-жауынгерлік дайындығы жоспарының негізгі бағыттарын орындау үшін ұйымдастырылды.

Жиынның негізгі тапсырмалары арнайы мақсаттағы бөлім офицерлерімен әдістемелік жиын өткізу және бөлімшелердегі жауынгерлік даярлық бойынша іс-шаралардың жүргізілуі мен ұйымдастырылуы барысына тексеріс жүргізу болып табылды.

Арнайы мақсаттағы бөлім офицерлерінің жиынына департаменттің үш аудандық шекара басқармаларына қарасты арнайы жасақ өкілдері қатысты. Іс-шара барысында жиынға қатысушылармен саптық тексеріс жұмыстары өткізіліп, биылғы оқу жылының жедел-жауынгерлік дайындығы жоспарының негізгі бағыттары жеткізілді.

Майор Р. НҮРМЕТ «OS-ЧР».
Суретті түсірген қатардағы жауынгер Ф. Жадырасынұлы.

МЕРЕЙТОЙ

САРДАР – АСҚАРАЛЫ 60-ТА!

5 ақпанда ҰҚК Шекара қызметінің саңлақ сардарларының бірі, генерал-майор Н.Алдаев 60 жасқа толды.

Саналы ғұмырын ел шебінің сызатсыздығына арнаған Наиль Фаизрахманович дүние есігін 1965 жылы Алматы облысындағы Қаскелең ауданының Абай елді мекенінде ашты. 1987 жылы Ф.Э.Дзержинский атындағы Жоғары шекаралық командалық училищесін бітіріп, өзінің алғашқы шекарашылық жолын застана бастығының орынбасары болып бастады. Әрі қарай, заставаны басқару тізгіні сеніп тапсырылған офицердің қызмет баспалдақтарынан сәтті өрлеу жылдары басталады. Осы жерде айту керек, Шекара қызметінің қалыптасуына генерал-майор Н.Алдаевтың сіңірген еңбегі өлшеусіз.

Қазақстан Президентінің Жарлығымен, ҰҚК Шекара қызметі құрылған кезде сардар сол кездегі Мақаншы шекара отрядының комендатурасын басқаратын. Бұл – Одақ ыдырап, көптеген офицерлер өздерінің туған Отандарына бет бұрған шақ болатын. Сондықтан, шекарашылардың даңқты білім ұстаханасын бітіргеніне көп болмаған болашақ генерал еліміздің шығыстағы байырғы шекара отрядтарының комендатурасын басқару кезінде кадр тапшылығын оңтайлы шешуге орасан зор жеке үлесін қосты.

Шекара отрядының бастығы, «Шығыс» өңірлік басқармасының бастығы, 2015-2018 жылдары аралығында ҰҚК Шекара қызметі директорының орынбасары секілді жауапты қызметте генерал-майор Н.Алдаевты кәсіби шекарашы және білікті басшы екенін көрсетті. Оның қол астындағы әскери қызметшілерге нағыз мейірімді қатынасы мен Отанға деген шексіз махаббаты сардардың кіші буын шекарашылар алдындағы беделін көтере түсетін. Мұны аға буын шекарашының кителінің өңірінде жарқыраған мемлекеттік наградалар да айшықтай түседі.

Отанына беріле қызмет ету үшін әскери оқу орнының қабырғасында өткен төрт жылдың аздық ететін мәлім. Сондықтан, Шекара ведомствосы басшылығының шешімімен, офицер 2002 жылы



Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің академиясына оқуға жіберіледі. Ал арадан тура 16 жыл өткенде Беларусь Республикасы Әскери академиясының Бас штаб факультетін бітіріп, туған еліне жаңа күш-жігермен оралған Наиль Фаизрахмановичтің шекараны күзету ісіне қосқан үлесі мен рөліне баға беру қиын. Сардар қандай қызметті атқармасын, өзіне жүктелген міндетке асқан жауапкершілікпен қарай біледі.

Енді міне, шекарада салып кеткен ізі мен ел шебіндегі шәкірттерімен дараланатын генерал-майор Наиль Алдаев асқаралы 60-қа толды. Шекарашы мамандығына сызат түсірмеген сардар нағыз интеллигент, мәдениетті тұлға, халқының патриоты.

Подполковник Е.КАЙБУЛЛИН,
«OS-ЧР».

«НҰР ЖОЛЫ» – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ



Шекаралық бақылау бөлімдері ел шетінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін күндіз-түні қызмет атқарады. Қырағылық пен кәсібилік – олардың негізгі ұстанымы. Бұл қызметтің маңыздылығы күн сайын арта түсуде, себебі жаһандану заманында қауіпсіздік мәселелері бірінші орынға шығып отыр.

2018 жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен «Нұр Жолы» (жолаушылық) шекаралық бақылау бөлімі ашылды. Бөлім халықаралық мәртебеге ие және жолаушылар мен жүктердің заңды түрде өтуін қамтамасыз етеді. Оның негізгі міндеті – Қазақстан Республикасының шекарасын заңсыз кесіп өтудің алдын алу, мемлекеттік қауіпсіздікті сақтау, контрабандалық әрекеттерге тосқауыл қою және құқықтық тәртіпті нығайту.

Бөлім қызметінің табысты жүзеге асырылуына жоғары кәсіби шыңдалған шекара сақшылары үлес қосуда. Олардың қатарында майорлар Раматулла Сейдалым, Жәнібек Құрманғалиев, Мақсат Шулгаубаев, капитан Назгүл Әлмұхамбетова және басқа да тәжірибелі офицерлер бар.

Шекара қызметінде 2006 жылдан бері қызмет ететін бөлім бастығы подполковник Нұржан Керченев өзінің тәжірибесі мен біліктілігі арқылы жоғары жұмысын жоғары деңгейде ұйымдастырып келеді.

Шекаралық бақылау бөлімінің қызметкерлері тек қызметтік міндеттерін орындап қана қоймай, қоғамдық өмірге де белсене араласады. Олар Панфилов ауданында ұйымдастырылатын мәдени, спорттық іс-шараларға қатысып, жергілікті тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсетіп келеді. Әсіресе, аз қамтылған отбасылар мен оқушыларға материалдық қолдау көрсету – бөлімнің дәстүрге айналған игі істерінің бірі.

Сонымен қатар, жергілікті халықпен тығыз байланыс

Қазақстан Республикасының шекаралық қауіпсіздігі елдің тұрақтылығы мен дамуындағы маңызды факторлардың бірі болып табылады. Осы бағыттағы қызметтің маңыздылығын түсіну үшін ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасының «Нұр Жолы» (жолаушылық) шекаралық бақылау бөлімінің жауынгерлік қызметімен таныстыруды жөн көрдік.

орнату – шекара қауіпсіздігін нығайтудағы басты ба-
сымдылықтардың бірі. Осы мақсатта ай сайын Қорғас
ауылында ауыл әкімшілігімен бірлесіп түсіндіру жиындары
өткізіледі. Бұл жиындарда ҚР Мемлекеттік шекарасы тура-
лы заң талаптары, шекаралық аймақта заң бұзушылықтың
алдын алу жолдары, шекара тәртібін сақтау мәселелері
талқыланады.

Шекаралық бақылау бөлімі – мемлекеттің айыбын, тәуел-
сіздіктің басты белгісі. Мемлекеттік шекараны күзету – ұлттық
қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі міндеттерінің бірі.
Шекаралық бақылау құрылымдары осы мақсатта шекара
тәртібін қадағалап, заң бұзушылықтардың алдын алуда
маңызды рөл атқарады. Шекарашылар – елдің тыныштығы
мен тұрақтылығының кепілі, олар ел шекарасын күндіз-түні
күзетіп, кез келген қауіпке қарсы тұруға дайын.

Шекаралық бақылаудағы қызмет – тәулік бойы тыным-
сыз еңбекті, қырағылық пен адалдықты талап ететін ауыр
міндет. Бұл орайда «Нұр Жолы» бөлімінің әскери қызмет-
шілері өз міндеттерін абыроймен атқаруда. 2024 жылдың
қорытындысы бойынша бөлімнің шекара сақшыларының
қырағылығы арқасында: 150-ден астам контрабандалық
әрекеттің, 20-ға жуық шекаралық режимді бұзудың, 400-ге
жуық қос азаматтық дерегі мен бірнеше рет жалған құжат-
тарды қолдану жағдайы анықталды.

Сонымен қатар, 2025 жылдың қаңтарында қызметтік
иттердің көмегімен бірнеше заңсыз қаржы тасымалдау
әрекеттерінің жолы кесілді. Бұл шекара қызметінің жоғары
деңгейде ұйымдастырылғанының жарқын дәлелі.

Шекара – мемлекеттің мызғымас қорғаны, тәуелсіздіктің
тірегі. Оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету – тек шекарашы-
лардың ғана емес, әрбір азаматтың ортақ парызы. «Нұр



Жолы» (жолаушылық) шекаралық бақылау бөлімі осы ұлы
мақсат жолында табанды еңбек етіп, елдің шекаралық
қауіпсіздігін сақтауға зор үлес қосып келеді.

Үздік бөлімнің жетістігі – шекарашылардың күнделікті
қажырлы еңбегінің, жауапкершілігінің және адалдығының
айқын көрінісі. Алдағы уақытта да аталған бөлімнің ел қа-
уіпсіздігін қамтамасыз етудегі қызметін одан әрі жетілдіріп,
өз міндетін лайықты атқара беретініне сенім мол.

Қазақстандық жасыл күнқағарлылар – мемлекеттің
тыныштығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі
құрылымдардың бірі болып қала бермек. Сондықтан, әрбір
Отан күзетшісінің еңбегі – елдің баянды болашағы үшін
атқарылған аса маңызды миссиясы!



**Подполковник
М.ҚАРЕКЕНОВ,
«ОС-ЧР».**
Суреттер шекаралық
бақылау бөлімінен.

ЖИЗНЬ ПОДРАЗДЕЛЕНИЙ

Симфония стали и пограничной бдительности

**Отделение пограничного контроля
«Булаево» (железнодорожное) было открыто
Постановлением Правительства РК в 2003 году. За
22-летнюю историю отделение показало отличные
результаты служебно-боевой деятельности,
став настоящим примером верности долгу и
пограничного единства.**

Пункт пропуска «Булаево» (железнодорожное) – это не просто место пересечения границы Казахстана с Россией, это сложный механизм, работающий с точностью швейцарских часов. Здесь, на стыке рельсов и государственных границ, разворачивается захватывающее представление, где стальные гиганты – поезда подчиняются воле людей, а покой страны охраняют военнослужащие пограничного подразделения.

Снежный январь. Вдали раздался звук приближающегося поезда с сообщением «Караганда-Омск» – это предвестник нового акта в этом представлении: грохот колес, сверкающие огни и протяжные гудки тепловоза. Перрон еще залит холодным светом луны и искусственным освещением фо-

нарей. Несмотря на ранний час и минусовую температуру военнослужащие подразделения пограничного контроля «Булаево» (железнодорожное) как всегда на своем посту. Собранные и готовые применить имеющиеся знания на практике, пограничники кажутся фигурами из легенды, хранителями священных границ, не дремлющими ни минуты. Они – последний рубеж защиты, и от их бдительности зависит безопасность нашей страны.

Сержант Сабит Нурланов вместе с младшим сержантом Русланом Сарсеновым приступают к пограничному досмотру. Взяв в спутники верного друга, начинают идти по узкому проходу плацкартного вагона. Вдруг собака останавливается, начинает активнее вести носом по воздуху



и приблизившись к ручной клади, стоящей на нижней полке, садится рядом. Военнослужащие начинают выполнять свою роль. Уточняющие вопросы, просьба предъявить документы и перевозимую ручную кладь с досмотром. На самом дне спортивной сумки, под вещами, лежит она – небольшая пипетка, наполненная мутной жидкостью. На сцену выходит старший смены и начинается новый акт представления.

Но еще не все вагоны досмотрены и пограничный наряд продолжает свой путь по коридорам

транзитных вагонов. Буквально через два вагона, собака снова дает обозначение. И снова на ручную кладь. В этот раз был обнаружен пакетик с голубоватым порошком. Позже экспертиза подтвердит, что обнаруженные предметы содержали наркосодержащие вещества, а военнослужащие пограничного подразделения продолжают дальше нести свою службу.

По итогам 2024 года военнослужащими подразделения пограничного контроля «Булаево» (железнодорожное) было пропущено через Государственную границу более

400 тыс. лиц и 87 тыс. транспортных средств. Проверая в среднем до 13 поездов и 1100 пассажиров, пограничники выявили нарушителя, пытавшегося пересечь Государственную границу по чужому документу, 19 пассажиров с двойным гражданством, 2 случая задержания наркотических средств, 10 случаев задержания валюты, было выполнено 195 оперативных заданий, экстрадировано 149 лиц, 168 граждан были привлечены к административной ответственности.

Отделение пограничного контроля «Булаево» (железнодорожное) – это не просто место, это символ охраны границ, символ преданности долгу и профессионализма. Это место, где встречаются и переплетаются судьбы людей, а стальные гиганты, повинувшись воле человека, перевозят пассажиров и грузы, отражают ритм жизни на стыке двух государств.



**Майор Д. УТЕБАЕВА,
«ОС-ЧР».**
Фото автора.

АУҒАН ЖЕРІНДЕГІ СЫН САҒАТТАР: ЕРЛІК ПЕН ЕСТЕЛІК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сол кезде 27 жастағы командирге анау-мынау емес, соғыс жағдайындағы басшылық тапсырылды. Қунар өзенінің бойында Пәкістан жағында Читрал, ал Ауғанстан жағында Асадабад аталатын екі провинция орналасқан. Пәкістанға жақын орналасқан әскери бөлімдер өмірі қауіп-қатерге толы болды. Кеңес әскерлері 1980-1985 жылдары 5 жыл ішінде 7 рет Қунар әскери операциясын жүргізді. Ең алғашқы Қунардағы әскери операция 1980 жылы ақпан айының аяғында басталды. Осы жылы Кеңес сарбаздары жүргізген Қунардағы әскери операцияда күзге дейін, басқасын айтпағанда дұшмандардың 6 штабы, 2 биік асудағы базасы, 17 бекініс бекеті, 12 зеңбірек пен минометі, әскери әуе күштеріне қарсы күресетін 5 орналасу алаңы және 1,5 мың бүлікшінің көзі жойылды. Ал кеңестік тараптан 52 жауынгер ажал құшып, 43-і ауыр жараланды, 1 жауынгер із-түзсіз жоғалды. Оған қоса 9 тікұшақ істен шықты.

40-армия «Паншер» аталған алқапта он жыл ішінде 9 рет ірі әскери операция жүргізді. Ахмад шах Масуд иелігіне қарайтын бұл алқап өте қауіпті еді. Осы қауіпті аймаққа маршал Соколов кейін «Қара майор» атанған Борис Керімбаевты батальонымен жіберуді бұйырды. Өйткені «Паншер арыстаны» атанған Ахмад Шахқа анау-мынау командирдің тісі батпайтын еді. 1982 жылдың мамыр-маусым айларында

«5-Паншер» операциясы өтті, алғашқы үш күн ішінде 4 мыңнан астам кеңестік десантшы түсірілді. Барлығы бұл операцияға 12 мыңнан астам Кеңес жауынгерлері мен офицерлері қатысты. Бұл операция, бір мезгілде 120 шақырым көлеміндегі шатқал аңғарларында өтті. Нәтижесінде, бұл жолы Паншер алынды, бірақ ауған армиясының бұл стратегиялық жағынан маңызды аймақты ұстап тұруға күші жетпеді.

1979-1989 жж. КСРО-ның 620 мың азаматы Ауғанстан аумағында әскери қызметін өтеді, олардың 525 мыңы Кеңес армиясының қатарында, 90 мыңы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің (МҚК) шекаралық және т.б. бөлімшелерінде, 5 мыңы Ішкі әскерлер мен милиция қатарында өз міндеттерін атқарды. Сондай-ақ 21 мың адам жұмысшы және қызметші кәсібінде қызмет етті. Ал Кеңес армиясы әскерінің жыл сайынғы тізіміне 80-104 мың әскер, 5-7 мың жұмысшы мен қызметші тіркелді.

Біздің республикамыздан 22 мың адам Ауған соғысына қатысты. Олардың 1000-ға жуығы соғыста құрбан болды және Қазақстан жерінде жерленді, 20 адам із-түзсіз жоғалды Ал жалпы шығынның 362-сі қазақ ұлтының өкілі екендігі анықталды.

Ауған соғысында із-түзсіз жоғалғандар мен тұтқынға түскендер саны 417 адамды құраса, одан кейінгі жылдары 333, ал қазіргі таңда 264 адамды құрап отыр. Олардың 20-сы Қазақстан азаматы болып саналады. 2013 жылы бұл тізім екі адамға қысқарды, ал қалған он сегізден өлі



күнге дейін не дәйек, не хабар жоқ.

1988 жылы 14 сәуірде, АДР-дағы жағдайды саяси реттеу туралы Женева келісіміне қол қойылды. Қол қойғандар қатарына КСРО, АҚШ, Ауғанстан мен Пәкістан кірді. Кеңес Одағы өз контингентін 9 айлық мерзімде алып шығуға, ал Құрама Штаттар мен Пәкістан өз тараптарынан қарулы оппозицияны қолдауды тоқтатуға міндеттелді. Же-

нева келісімінде белгіленгендей, 1989 жылы 15 ақпанда Ауғанстаннан соңғы Кеңес әскерлерінің әкетілуі аяқталды. Кеңес Одағы Женева келісімін белгіленген мерзімде орындады. Осылайша 110 айға созылған соғыс аяқталды.

**Подполковник М.ҚАРЕКЕНОВ,
«ОС-ЧР». Ақпарат ғаламтор
желісінен алынды.**

ОТЧЕТ

Республиканского общественного объединения ветеранов-пограничников «Застава тарландары» за 2024 год



Объединение ветеранов пограничников является общественным объединением и имеет республиканский статус. В своем составе объединение имеет свои структурные подразделения – филиалы, представительства и секции. На сегодняшний день объединение состоит из общего собрания объединения, Правления, ревизионной комиссии и 15 структурных подразделений (12 филиалов и 3 представительства).

Для успешной реализации целей и задач, используются денежные средства из бюджета объединения, который на сегодня формируются из:

- 1) добровольных пожертвований военнослужащих ПС и ПА в пользу РООВП;
- 2) благотворительной помощи физических и юридических лиц;
- 3) сборов для отдельных мероприятий по решению руководителей РООВП;
- 4) вступительных, ежегодных и дополнительных взносов членов РООВП.

При этом основную, большую часть поступления денежных средств составляют добровольные взносы от личного состава структурных подразделений Пограничной службы и Пограничной академии КНБ РК.

В 2024 году в фонд Правления РООВП от различных формирований Пограничной службы поступило – 13 млн 832 тыс. 887 тенге.

Поступившие от Пограничной службы денежные сред-



ства были израсходованы в сумме 14 млн 407 тыс 194 тенге (с учетом имеющегося остатка с прошлых лет) строго в рамках уставных требований РООВП в следующих целях:

- 1) 9 млн 906 тыс. 564 тенге – поощрение членов РООВП и действующих военнослужащих, выплата социальных отчислений и обязательные взносы, отчисления и взносы на обязательное медицинское страхование, а также осуществление платежей за финансовые услуги банкам и др.;
- 2) 670 820 тыс. тенге – оказание материальной помощи семьям умерших ветеранов (за истекший период оказана помощь семьям в погребении 12 ветеранов ПС);
- 3) 150 000 тыс. тенге – оказание материальной помощи ветеранам по болезни (за истекший период обратились за помощью: 1) жена ветерана представительства по Зайсанскому району Карастелева А. (инсульт); 2) руководитель представительства по Костанайской области об оказании помощи Бакиеву Р.А. (онкология) и Саутбаеву Т.Ш. (онкология));
- 4) 584 тыс. 990 тенге - приобретение подарков пограничным управлениям в честь юбилеев со дня образования (для ПУ по Зайсанскому району приобретение телевизора на сумму 174 тыс 990 тенге; для ПУ по Панфиловскому району дрон на сумму 180 000 тыс тенге; для ПУ по Сарыгашскому району дрон на сумму 200 000 тенге; 30 тыс тенге в Актау аранжировка музыкального оформления песни посвященной Пограничной службе);
- 5) 2 млн 454 тыс. 820 тенге – приобретение различной сувенирной продукции, стендов и др.;
- 6) 640 000 тыс. тенге – спонсорская и благотворительная помощь, (приобретение 15 комплектов спортивной

формы для членов ЮДП в г.Алматы на сумму – 469 000 тысяч тенге, организация турнира на сумму – 171 000 тысяч тенге в Костанайской области, посвященного памяти пограничника, погибшего в ДРА).

Кроме этого, хотелось бы отметить, что денежные средства, поступившие (ранее в 2023 г., и в 2024 г) в рамках спонсорской помощи от различных коммерческих организаций, в том числе и от действующих военнослужащих были реализованы РООВП целенаправленно для организации проведения мероприятий по празднованию 100-летия образования Зайсанского пограничного отряда. Так для организации проведения мероприятий только в 2024 году (кроме сумм, затраченных в 2023 году) было израсходовано - 5 млн 969 тыс. 700 тенге.

В 2024 году для проведения мероприятий, посвященных 30-летию подвига, совершенного Р.Батркановым, поступила спонсорская помощь на общую сумму 2 млн тенге:

- от ТОО Элхон – 1 000 000 тенге;
- от ТОО Астана Агропартнер – 1 000 000 тенге.

Поступившие денежные средства целевым израсходованы на мероприятия, посвященные памяти Р.Батрканова (в т.ч. и 1 000 000 тенге переведен непосредственно в филиал РООВП по ВКО для проведения вышеуказанных мероприятий в г.Усть-Каменогорск, г.Зайсан и н.п.Курчум).

Также для информации ранее, в 2021, 2022 и 2023 годах на денежные средства, поступившие от формирований Пограничной службы, осуществлялся выпуск газеты «Часовой Родины» и журнала «Шекарашы» (2021 год на сумму 8 584 728 тенге, 2022 год на сумму 4 953 364 тенге), приобретение подарочных часов и различной подарочной продукции для пограничных формирований в честь юбилеев (2023 год на сумму 10 243 890 тенге), возведение скульптуры «Шекарашылар» (2022 год на сумму 49 000 000 тенге).

Уже в 2025 году в честь 25-летия образования 1-го и 2-го дивизионов пограничных кораблей и катеров приобретены подарки на общую сумму 500 000 тенге. Оказана также помощь Управлению военно-патриотической деятельности по приобретению полевой формы одежды советского образца на сумму 140 000 тенге. Работа в данном направлении будет продолжена и впредь.

От всех членов РООВП благодарим руководство Пограничной службы и весь личный состав за постоянную поддержку ветеранского движения и хотим заверить, что денежные средства, поступающие в фонд Правления Объединения, используются и будут использоваться строго на мероприятия в рамках уставной деятельности РООВП.

**Председатель РООВ «Застава тарландары»
генерал-майор в отставке М.САБИДОЛДАНОВ.**

ОТАН ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕГІ...

Офицер. Иығындағы жұлдызға (мейлі ол кішкентай немесе үлкен болсын) сызат түсірмейтін офицермен сұхбаттас болу, оның қызмет атқару кезіндегі жеткен жетістіктеріне шын жүректен қуана білу де бір ғанибет екенін, ең алдымен әскери тілшілер түсінеді...

Жақында ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің бастығы полковник Әлібек Каюпов Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының учаскесіне жасаған қызметтік сапар кезінде дараланған ұжымдарды марапаттады. Солардың бірі, «Нарынқол» шекара бөліміне тиесілі грамотаны департамент басшысы аталған ұжым бастығының орынбасары – штаб бастығы майор Р.Қыдырмолдаұлына табыс етті. Өйткені, офицер осындай құрметке ие болатын...

...Иә, «қасқырды аяғы, журналисті қаламы асырайды» демекші, біз – әскери тілшілердің бармаған жері, баспаған тауы жоқ. Сол секілді, мен де осынау офицерді еліміздің солтүстіктегі өңірлерінің бірінде кездестіріп, кең сұхбаттасқаным бар. Ол кезде Руслан бұрынғы Петропавл шекара отрядының «Талсай» шекара бөлімшесін басқаратын. Негізі, ҰҚК Шекара академиясын 2013 жылы бітіріп, өзінің шекарадағы алғашқы қызметін Өскемен шекара отрядының «Ульба» шекара бөлімшесінде бастапты.

– 2013 жылы... Майор мырза, онда сіздің дивизион командиріңіз полковник Валентин Лютерович болды ғой, – дедім көпмәнділік танытып.

– Иә, дәл таптыңыз. Біз оқыған жылдардағы Шекара академиясының ең мықты

дивизион командирлерінің бірі, – дейді Руслан. Болашақ офицер, жас маман үшін ол – үлкен тәжірибе, тағылым мектебі болғаны анық. Дивизион командирінен көп нәрсе үйрендім. Болашақ мамандығымның қыр-сырына қанықтым. Менің үлкен бақытым – полковник В.Лютерович секілді сардарлар арқылы офицер болудың қаншалықты маңызға ие екенін сезіндім. Бүгінде өткенге көз жүгіртіп қарасам, біздің дивизион өзінен түлеп ұшқан қаншама жас офицерге қанат бітірген екен.

Руслан Қыдырмолдаұлы дұрыс айтып тұр еді. Мен білетін, нағыз шекарашыға балайтын офицерлердің құрмет тұтып, үлгі санайтын ұстаздары бар. Өйткені, мен мұны өз басымнан білемін...

Айтпақшы, бізді осыдан талай жыл бұрын «Талсай» шекара заставасында күтіп алып, өзі басқаратын ұжымның жауынгерлік қызметімен таныстырып қана қоймай, ауыл әкімімен кездестірген офицер мен бүгінгі штаб бастығы майор Р.Қыдырмолдаұлынан өзгерісті байқамадық. Сол бағы жанып тұрған жігерлі шекарашы. Тіпті сондағы сымша тартылған тұлғасынан уақыт салған белгілерді байқамадық...

Талсайдан кейін қазіргі Шығыс Қазақстан облысының орталығында орналасқан Өскемен шекара отрядында



қызмет атқарған офицер 2020 жылы Алматы қаласына ауыстырылады. Бұл кезде «Шығыс» өңірлік басқармасы – Алматы облысы бойынша департаменті, ал оның қарамағындағы Қарасай шекара отряды – Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасы атанған. Осында шекара күзету бөлімінің аға офицері лауазымына тағайындалған Русланды енді қазақ-қырғыз шекарасының бойында жиі кездестіретін болдық. Бөлімше офицерлеріне көмектесу, жас сарбаздарды қызметке тарту, шекара бойын адақтау секілді толып жатқан міндеттердің бел ортасынан табылу. Бір қызығы, осының барлығын офицер өзі қалап тұратындай көрінер еді...

Сөйтіп, көзіміз осыған үйрене бергенде біз Русланның 2024 жылы тамызда

Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасына ауысып кеткенін бір-ақ білдік. Әрине, еңбекқор офицер қызмет баспалдақтарынан сәтті көтерілгеніне қатты қуандық. Сол-ақ екен, Р.Қыдырмолдаұлы бізді енді өзі «шаммен» жүріп іздейтін болды. Өзі қызмет атқаратын шекара бөліміне бағынышты бөлімшелердің қызметін көрсету үшін. Бұл үшін жиі жіберетін бейнероликтері де бірінен-бірі өтер еді...

Бұл туралы Русланның өзі былай дейді: – Шынымды айтсам, шекараның бойында қызмет етуге өзім сұрандым. Мұндайда кейбіреулер Алматыға қалайда ауысудың жолын іздеп, шарқ ұратыны бар емес пе? Ал мен әсем мегаполистен өзім «қашқан-дай» болдым. Өйткені, шекара мен үшін қай жағынан да қымбат. Жауапкершілік жүгі де жеңіл емес. Өзімді қолынан іс келетін нағыз офицер ретінде дәлелдеу жолындағы үлкен сынақ десем де болады. Сондықтан, алдыма қойған мақсатыма біртіндеп жақындап келе жатқан жайым бар!..

Руслан Қыдырмолдаұлы. Талдықорған қаласының өрені. Шекара академиясының бетке ұстар сардарынан тәлім-тәрбие алған офицер өзінің қолынан не келетінін көрсеткісі келеді. Біз оның ел шебінде қызмет атқарған жылдары қанша шекара бұзушыны ұстағанын, қанша марапаты бар екенін сұраған жоқпыз. Қажеті не? Өзін шекарасыз елестете алмайтын офицер мұнсыз да өзін кіл мықтылардың қатарынан көрсетіп тұр емес пе?!

Сурет майор Р.Қыдырмолдаұлының жеке мұрағатынан.

ЕҢБЕКТЕН – ЗЕЙНЕТКЕ

Біздің Самира

1998 жыл. ҰҚК Шекара қызметінің төл басылымы «Отан сақшысы – Часовой Родины» газетінің редакциясы. Бір күні осы редакцияның табалдырығынан әдеміше келген қара торы жүзіне күлкі үйірілген ару имене аттаған. Ал санаулы минуттан соң-ақ, бұл арудың жоғары білімді, Алматы халықаралық журналистика институтының түлегі екені белгілі болған. Шығармашылық ұжымды елең еткізген осы оқиғаның болғанына да 27 жыл өте шығыпты...



Бұл – прапорщик Самира Баратова болатын. Ал ол кезде аталған институтты енді ғана бітіріп, әскери журналистердің ортасынан бір-ақ шыққан қыз өкінішке орай, қаламы қарымды тілшілердің қатарына қосылған жоқ еді. Лауазым болмағандықтан, Самираға баспахана техникі бола тұруға тура келген. Алайда, жас қызы редакцияның баспаханасында өзінің алтын уақытын текке жоғалтқан жоқ.

Газеттің тәжірибелі журналистерінің бірі Евгений Грасевичтің жөн сілтеуімен «ОС-ЧР»-ға мақалалары жарық көре бастады.

Менің шекарашылар басылымына ауысып келгеніме бес-алты айдың жүзі болған. Сондықтан, мені әсіресе Самираның шекарашылар жанұясынан шыққаны, әкесі Сергей, анасы Сахидям апайдың саналы ғұмырлары сол кездегі Шонжы шекара отрядында өтіп келе жатқаны өзіне магнитше тартқан. Енді қалай деп едіңіз? Қабырғасы

1967 жылы құрылғанымен, қарамағындағы шекара заставаларының алды ол кезде сексеннің сеңгіріне бет түзеген. А.Онопка атындағы (қазіргі «Қайырған» шекара бөлімшесі-авт.) шекара заставасы көрші қытаймен арадағы шекараны 1921 жылдан бері күзетіп келе жатқан. Дүние есігін осындай тарихы тым тереңде жатқан шекара отрядында ашып, шекарашылар жанұясында бой жеткен Самира да мектептен кейін журналистика мамандығын таңдауын таңдағанымен, шекарашылардан алыстап кеткен жоқ. Шекара қызметінің төл басылымында жұмыс істеп, ата-анасы секілді шекарашылар туралы қалам тербегісі келген. Бірақ, адамның кез келген арманы орындала берген бе?! Тілші атанып, өзінің туған шекара отряды туралы сала құлаш мақала жариялаудың орнына баспахананың ау-жайын жақсы білетін техникке айналып шыға келген. Осында жүріп, иығына прапорщиктің қос жұлдызына қол жеткізді. Ал сол сәт, енді екі жылдан кейін «прапорщик» деген тамаша шеннің болмайтынын, сондықтан, Шекара қызметінің сапындағы прапорщиктер «Могиканның соңғы тұяқтары» екенін ешкім білген жоқ. Арадан тағы екі жыл өткенде прапорщик С.Баратова редакцияның адамдарымен жылы қоштасып, сол кездегі «Алматы» шекаралық бақылау отрядына ауысып кете барған. Тура тоғыз жылдан кейін. Алдымен шекаралық бақылау отрядының тәрбие бөлімінде жұмыс істеп, біраз тәжірибе жинаған соң «Жүк» шекаралық бақылау бөлімінің 3-ші бөлімшесінің бақылаушысы болып тағайындалған. Осы бөлімшеде жүріп, қаншама контрабандашының жолын

кесті. Біздің елімізге әкелуге қатаң тиым салынған діни әдебиеттерді тәркілеп, шекара режимін бұзғандарды құрықтауға қатысты.

Бүгінде Камилла есімді қыздың анасы атанған Самира редакцияда жүре бергенде тағдыры басқаша өрілер ме еді?! Кім білген! Айтпақшы, 1999 жылы қазіргі Шекара академиясында қыздар факультеті ашылғаны белгілі. Міне, осы кезде анасы Самираға: «Сен де бағыңды сынап көрсеңші. Түсіп кетсең, офицер болып шығар едің!», деп кеңес береді. Бірақ, өзі секілді шекарашылар отбасынан шыққан талай қызды елең еткізіп, тынышын алған жаңалық Самираны қызықтырмаған көрінеді. Бір қызығы, өзінің сондағы шешіміне осы жылдардың ішінде бірде-бір рет өкінбепті.

...Міне, солай! Әскери журналистиканың қазанына қайнаууды тағдыр Самираның маңдайына жазбапты. Есесіне, ол әлемнің кез келген нүктесінен ұшып келген қонақтарды бірінші болып қарсы алатын шекарашылардың сапын толықтырды. Бақылаушылардың тәулікке созылатын ауыр қызметін өз басынан өткеріп, өзіне жүктелген міндетке адалдық танытқан біздің әріптеске де еңбегінің зейнетін көретін сәт те туды.

Ең бастысы, ол біздің Самира! Көз көрген! Содан кейін ғана шекарашы бақылаушы! Шекара қызметінде өткізген 27 жылдың 9 жылын редакцияда өткізген прапорщик С.Баратова туралы айтарымыз осы!

Бетті әзірлеген әскери журналист Т.ДӘУЛЕТБАЕВА, «ОС-ЧР». Суретті түсірген автор.

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ ШАМШЫРАҚ

Шекара қызметі – Отанымыздың тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құрылымдардың бірі болып саналады. Осы ұлы қызметте әрбір маманның еңбегі бағалы, ал кейбірі өз ісіне деген шексіз адалдығы мен жоғары кәсібилігімен ерекшеленіп, өзгелерге ұзақ жылдар бойы Темірқазық жұлдызындай жол көрсетіп үлгі болып келеді. Бүгінгі менің мақалам солардың бірегейі – ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Павлодар облысы бойынша департаментінің кадрлар бөлімі бастығының аға көмекшісі лауазымын ұзақ жылдар бойы атқарып келе жатқан қызметші Сарбасова Қарлығаш Ешмұхамбетовна жайлы болмақ.

1964 жылы Шығыс Қазақстан облысының Марқакөл ауданы, Боран ауылында дүниеге келген Қарлығаш Ешмұхамбетовна балалық шақтан-ақ алғырлығымен, білімге деген құштарлығымен ерекшеленеді. Өскемен педагогикалық институтын география және биология мамандығы бойынша тәмамдап, «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп, алғашқы еңбек жолын ұстаздықтан бастауды жөн көреді. 1998 жылға дейін Зайсан қаласының білім беру саласында ұстаздық қызметін атқарып, талай шәкіртті білім нәрімен сусындатады.

1998 жылы кейіпкеріміз өмір кітабының жаңа парақшасын ашып, ұстаздықтан әскери салаға түбегейлі бет бұрады. Оған себеп: сүйікті жарының қызмет орнын ауыстырып, жаңа лауазымға тағайындалуы. Әрбір шекарашы әйелінің басынан өтетін таныс жағдай. Күйеуін Отан қайда жіберсе, киім-кешегін

жинап, мүлдем танымайтын орта, бейтаныс жерге жолдасымен бірге көшіп келеді. Осылайша, Мақаншы ауылындағы 2086 әскери бөлімінің байланыс ротасының телефонисі болып жұмысқа орналасып, кейін кадр бөліміндегі қызметке ауысады. Осы сәттен бастап Қарлығаш Ешмұхамбетқызының шекарашылар қатарындағы әскери қызметі басталады.

Қызығы мен шыжығы қатар жүретін әскери өмір 2004 жылы оларды Павлодар қаласына алып келеді. Осылайша Қарлығаш Ешмұхамбетқызы кадр бөлімінің аға көмекшісі лауазымына тағайындалады. Мұнда ол өз ісінің нағыз шебері ретінде танылып, келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің құжаттарын есепке алу, зейнетке шығару құжаттарын рәсімдеу, әскери атақ беру және келісімшарт мерзімін ұзарту секілді маңызды істерге жауапты

болады. Әріптестері оны ұжымның «жүрегі» деп атаса, басшылығы оны кадр бөлімінің таптырмас маманы ретінде бағалайды.

2010 жылы Қарлығаш Ешмұхамбетқызы әскери қызметтің шекті жасына жетуіне байланысты запасқа шығады. Алайда өзінің сүйікті жұмысын қимағандықтан, сол лауазымын қызметші ретінде жалғастыруды жөн көреді. Ол өз жұмысына өте ұқыпты жауапкершілігі мол адамдардың қатарынан. Әріптестері оны тек білікті маман ретінде ғана емес, мейірімді, дана, ақылшы, қамқор аналарындай көріп сыйлайды. Қарлығаш Ешмұхамбетқызы жастармен қатар иық тірестіре еңбек етіп, қажыр-қайратымен әлі күнге дейін бізді таң қалдырып келеді. Бұл еңбектің жарқын дәлелі ретінде, 2024 жылдың қорытындысы бойынша Қарлығаш Ешмұхамбетқызы «Жылдың үздік кадр маманы» номинациясының иегері атанады.



Бүгінде Қарлығаш Ешмұхамбетқызы отағасы Жәнібек Ризабекұлының сенімді жары, екі баласының ардақты анасы, үш немересінің сүйікті әжесі. Оның тағылымға толы өмірі мен еңбек жолы барлығымызға үлгі тұтарлықтай.

Ал біз өз кезегімізде, Қарлығаш Ешмұхамбетқызын зейнеттік демалысқа шығуымен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Зейнеттік демалысыңыз жақсылыққа толы болып, отбасылық қуаныштарыңыз бен бақытты күндеріңіз көп болсын. Енді еңбегіңіздің зейнетін көріп, немерелеріңіздің қызығына бөлене беріңіз демекпіз.

**Майор Г.САДЫКОВА «OS-ЧР»,
Сурет отбасылық мұрағаттан.**

Елге қызмет – абыройлы іс

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі департаменттері мен бөлімдерін қажетті құрал-жабдықтар, азық-түлік – киім-кешек, инженерлік-техникалық құралдар, пәтер пайдалану қызметінің мүліктері, зымыран-зеңбірек қару-жарақтары және тағы да басқа тауарлы материалдық құндылықтармен қамтамасыз ететін еліміз бойынша Алматы, Ақтау қалалары мен Абай облысы Жарма ауданы Жаңғызтөбе елді мекенінде орналасқан Жабдықтау басқармалары ел игілі үшін ұзақ жылдар бойы үздіксіз қызмет етуде. Ел шекарасының мызғымастығын қамтамасыз ету үшін аянбай қызмет етіп жүрген шекарашылар үшін жабдықтау басқармаларының орны ерекше. Өйткені жабдықтау басқармаларының қалтқысыз қызметінсіз Шекара қызметін елестету мүмкін емес.

Бүгінгі әңгімемізге тоғыз жолдың торабы «Сойқын» желімен қазақ энциклопедиясына енген, жазда ыстық желі соғып, қыста ұйытқып борап тұратын Жаңғызтөбе кентінде орналасқан бұрынғы «2544 әскери бөлімі», қазіргі таңдағы «Жаңғызтөбе» жабдықтау басқармасының есепшісі қызметші Исакова Жанагүл Жанабергенқызының өмірі мен еңбек жолы арқау болмақ.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылға арналған Жолдауында биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» - деген сәттен бастап, осы бір маман иесі туралы төл басылымымызға қалам тербесем деген ойға келген едім.

Оқырмандарымыздан «неге?» деген заңды сұрақ туындары сөзсіз.

Неге десеңіздер, арнайы-орта оқу орнын қызыл дипломмен тәмамдап келген жас маман Исакова Жанагүл, сонау XX ғасырдың аяғы 1996 жылдан бері аталмыш жабдықтау басқармасы қаржы қызметінде бухгалтер болып қызмет етуде. Жанагүл ханым еңбек еткен жылдары бухгалтер-кассир, қаржы қызметі бастығының көмекшісі, материалдық техникалық қамтамасыз ету бөлімі, азық-түлік, жүк-мүліктерін сақтау және қаржылық қамтамасыз ету топтарында бухгалтерлік қызметтер атқарды.

Жанагүл ханымның отыз жылға жуық бір мекемеде бір лауазымда қызмет етуі мамандығына деген сүйіспеншілік, қызметіне деген адалдық десек артық айтқанымыз болмас.

Жанагүл жұмыс орнында болмаған кездері қаржы қызметінің кабинетіне келген әріптестері «бірнәрсе жетіспей тұрғандай көрінеді», – деп өзара әзілдесетін.

Әйел – өмірдің гүлі. Әйел-ана. Бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербететін де әйел екені бәрімізге белгілі. Сол сияқты Жанагүл ханым да осы әскери бөлімде өмірлік серігін тауып,



отбасын құрып, бала-шағалы болды. Бүгінгі таңда өмірлік серігі, балаларының әкесі ерте дүниеден өтіп кеткеніне қарамастан тағдырдың сынағына сынбай, ұлы мен қызын жалғыз өзі тәрбиелеп, жасы 80-ге келіп қалған қарт анасын мөпелеп перзенттік борышын өтеп, әйел баласының тағдырын кешуде. Қызы Нұрай «Astana international University» университетінің 2 курс студенті, ұлы Айдар мектеп оқушысы.

Адал еңбек еткен адамның еңбегі ешқашан елеусіз қалмайтыны анық. Жанагүл Жанабергенқызы да Шекара қызметіне қосқан үлесі үшін

ҰҚК Төрағасы, Шекара қызметі Директоры және бөлім басшылығының құқықтарымен бірнеше рет марапатталған.

Жанагүл ханымның тағы бір үлгі тұтарлық қыры өзінің ұзақ жылдар бойы кіндік қаны тамған жеріне еңбегін сіңіріп, адал еңбек етіп келе жатқандығы. Осы адалдығы былтыр Жаңғызтөбе кентінің әкімімен еленіп, кент дамуына өз үлестерін қосып жатқан мекеме қызметкерлерін марапаттау рәсімінде «Жақсы адам-2024» иегерлерінің қатарынан табылғаны да көңілімізге жылулық ұялатты. Мұның өзі қарапайым бухгалтер үшін еңбегінің бағалануы, артынан еріп келе жатқан жас мамандарға үлгі.

Жанып тұрған жастық шағы 21 жасында еңбек жолын бастаған Жанагүл Жанабергенқызы биылғы жылдың қараша айында «Елу деген – ес тоқтату есеу, елу деген – елдің жүгін көтеру» демекші, ғұмырының жарты ғасырлық белесін артқа қалдырып, өмірінің жаңа кезеңі басталатын 50 жасқа толады екен. Келер жасыңыз баянды да шуақты күндерге толы болсын демекпіз.

**Сержант М.КАСЕНОВА,
«OS-ЧР». Сурет отбасылық мұрағаттан.**

СИМВОЛ ДРУЖБЫ НАРОДОВ

В современном мире интернациональные семьи стали символом дружбы народов. В Департаменте ПС КНБ по Костанайской области служит капитан Мереке Алибеков. Его семья – наглядный пример того, как любовь и уважение объединяют традиции двух народов: казахского и дагестанского.

Мереке Жомартулы родился 1 июня 1992 года в селе Коргалжын Акмолинской области. С юности он мечтал стать военным и в 2011 году начал карьеру в мотострелковой бригаде г. Шымкента. Позже перевелся в аэромобильные войска, а в 2013 году поступил в Военный институт Сухопутных войск в г. Алматы. После выпуска был направлен в Пограничную службу в г. Костанай, где занимает должность начальника 1-й группы.

– Для меня честь защищать границы своей страны. Это не просто работа – это призвание. Ведь граница – это лицо государства, его безопасность, его будущее, – говорит офицер.

Но если служба стала его второй семьей, то главной опорой в жизни для Мереке всегда была семья – его супруга Алина и двое детей.

Алина по национальности – дагестанка, родилась 27 июня 1996 года. Познакомились они в Костаное, и, несмотря на различия в культуре и традициях, быстро поняли, что говорят на одном языке – языке любви и уважения.

– Когда я впервые привел Алину знакомиться с родителями, конечно, у них были вопросы: разные традиции, разный менталитет. Но самое главное – это чувства и то, как люди относятся друг к другу. Сегодня мои родители души не чают в невестке, а ее родные приняли меня как родного сына, – вспоминает Мереке.

Алина работает воспитателем в детском саду и с нежностью говорит о том, что муж воспитывает детей с казахским упорством и дагестанской честью.

Супруги воспитывают дочь и сына, прививая им любовь к культуре и традициям обоих народов. Дома звучит и казахская домбра, и дагестанские песни.

– Мы учим детей говорить на казахском и русском языках, рассказываем



про историю наших народов. Сын уже интересуется, кто такие батыры и кто такие горцы, а дочь любит танцевать и казахские, и кавказские танцы, – с гордостью делится офицер.

Помимо службы и семьи, офицер всегда стремится к самосовершенствованию. У него есть юридическое образование и сертификат парамедика, что делает его универсальным специалистом в своей сфере. Ведь пограничникам всегда нужно быть готовым ко всему. Важно не только нести свою службу, но и уметь оказать первую помощь товарищу. Ведь на границе каждая секунда может спасти жизнь.

История семьи Алибековых – это пример того, что настоящая любовь не знает границ. Их союз – это гармония культур, уважение традиций и вера в общие ценности.

Пусть таких крепких и дружных семей будет больше. Ведь именно они делают мир лучше, наполняя его пониманием, добротой и единством.



**Лейтенант
Н. САКЕН, «OS-ЧР».
Фото из семейного архива.**

МАҢЫЗЫ ЗОР МЕМОРАНДУМ

Қазақстан Президенті – Жоғарғы Бас Қолбасшы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Айбын» республикалық әскери-патриоттық жастар жиынының ашылу салтанатында: «Сіздерде күш, энергия мен шығармашылық әлеует зор. Осының бәрін өмірдегі басты мақсаттарыңызға қол жеткізуге жұмсаңыздар. Еліміз әрқайсыңыздың табысты болғандарыңызға мүдделі...» деген болатын.

Қазіргі таңда ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің жанынан құрылған «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубтарының қатары уақыт санап көбейе түсуде. Айту керек, департамент тәрбиешілерінің тікелей мұрындық болуымен, Алматы қаласындағы 102-ші орта мектебінде ашылған клуб небәрі бірнеше жылдың ішінде зор жетістікке қол жеткізіп үлгерді. Бұл – Бақытжан Перімбет бастаған жас патриоттардың тек мектеп қабырғасында ғана емес, шекара бөлімшелеріне барып, шекарашылардың өмірімен жақын танысуы, өздерінің жазғы демалыстары Үлкен Алматы көлі

секілді Іле Алатауының табиғаты керемет жерінде тынымсыз жаттығу өткізгендерінің арқасы. Өздері көтерілген биік шыңдарға қазақ елінің танымал азаматтарының есімін беруді біртіндеп дәстүрге айналдырған клубтың мүшелері өткен жылы «Айбын» халықаралық әскери-патриоттық жиынға қатысып, 50-ге тарта командалардың ішінен алдыңғы орындардан көрінді.

Жақында департамент бастығы полковник Ә.Каюпов Алматы қаласы және Алматы облысының білім басқармаларының басшыларымен кездесіп, жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша өзекті мәсе-

лелерді талқылады. Департаменттің мәжіліс залында өткен кездесуге білім ошақтарындағы бастапқы әскери-техникалық дайындық бөлімдерінің басшылары, «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубтарының жетекшілері мен кадеттері қатысты.

Көтерілген мәселелер аз болған жоқ. Талқылау барысында бастапқы әскери дайындықты жетілдіру, жастардың патриоттық рухын нығайту, департамент пен білім беру мекемелері арасындағы ынтымақтастықты кеңейту секілді бірқатар маңызды бастамалар әңгіме тиегіне айналды.

Осылайша, кездесу соңында ынтымақтастық туралы мемо-



рандумға қол қойылып, алда атқарылуға тиісті жұмыстар пісенттелді. Атап айтар болсақ, бұл құжат – жастарды патриоттық тәрбиелеу бойынша жүйелі жұмысты бір ізге қоюға, Шекара қызметінің тарихы мен дәстүрлерін зерттеуге жас ұрпақты тартуға сондай-ақ еліміздің қауіпсіздігі

мен егемендігі үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыруға ықпал етеді. Осы бағытта нақты жобалар іске асырылатын болады.

**Әскери журналист
Т.ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».**
Суретті түсірген автор.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы жаңа қадам

Жуырда Қазақстан Республикасы Шекара қызметінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті мен Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті арасында маңызды ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бұл құжат еліміздің шекара қауіпсіздігін арттыруға бағытталған стратегиялық қадам болып табылады.



ҚР Шекара қызметінің БҚО бойынша департамент бастығы полковник Ербол Тулқубаев, департамент бастығының бірінші орынбасары – штаб бастығы подполковник Сухраб Мусаев және Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің ректоры Алиби Баяхов, проректоры Закир Хамзиннің қатысуымен өткен бұл шара әскери қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыруды, жаңа технологияларды енгізу арқылы шекара қауіпсіздігін күшейтуді көздейді.

Меморандумның негізгі мақсаты – Шекара қызметінің жұмысын заманауи технологиялар арқылы жетілдіру және беделін арттыру. Осы ынтымақтастық аясында университет әскери қызметшілерге пилотсыз ұшу аппараттарын басқару, робототехника, жасанды интеллект және 3D принтерлерді қолдану саласында кәсіби білім беру мен тәжірибе ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Бұл шекара қызметкерлеріне заманауи құралдар мен әдістерді меңгеруге, сондай-ақ инновациялық шешімдерді енгізуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда шекара қызметі үшін жаңа заманауи технологияларды қолдану өте өзекті болып отыр. Меморандум аясында қарастырылып отырған басты бағыттардың бірі – антидрондық жүйелерді енгізу. Бұл технология шекаралық аймақтардағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған. Қазіргі кезде дрондар шекара күзетіне үлкен қауіп төндіріп отыр, сондықтан оларды анықтап, бейтараптандыру маңызды мәселе болып табылады. Осы мақсатта университеттің ғылыми тәжірибесі шекара қызметіне зор көмек көрсетеді.

Бұдан бөлек, меморандумда экологиялық таза энергия көздеріне, яғни тік жел турбиналарына назар

аударылған. Тік жел энергетикасын қолдану шекара бекеттерінің энергиямен жабдықталуын қамтамасыз етіп, экологиялық таза энергия көздерін пайдалануға мүмкіндік береді.

Жаңа технологиялардан бөлек, ауадан су алу жүйелерін енгізу шекара бекеттерінде өмір сүру сапасын жақсартуға көмектеседі. Құрғақ аймақтарда су тапшылығы жиі кездесетіндіктен, ауаның ылғалдылығынан ауыз су алу технологиясы шекара қызметкерлерінің жағдайын айтарлықтай жеңілдетеді.

Киберқауіпсіздік саласында да маңызды жұмыстар жүргізілмек. Шекара қызметінің ақпараттық жүйелерін қорғау, деректерді сақтау және шифрлау жүйелерін жетілдіру, сондай-ақ кибершабуылдарға қарсы тұру технологияларын енгізу жоспарланған. Бұл бағытта университеттің көмегімен арнайы тренингтер өткізілуі де қарастырылған.

Қорытындылай келе, Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті мен ҚР Шекара қызметінің Батыс Қазақстан облысындағы департаменті арасындағы бұл ынтымақтастық шекара қауіпсіздігін арттыруға және шекара қызметкерлерінің кәсіби деңгейін жаңа деңгейге көтеруге зор ықпал ететіні сөзсіз. Бұл бастама шекара қызметінің техникалық әлеуетін арттыруға ғана емес, сондай-ақ әскери салада ғылыми-зерттеу жұмыстарын тиімді пайдалану мүмкіндігін де береді.



**Аға лейтенант
А.КӨЛБАЙ,
«OS-ЧР».**
Суретер
департаменттен.

Жасанды интеллектіге зейін қоя бастады

Қазір әлемдегі елдер арасында технологиялық бәсекелестік ерекше қарқын алды. Тіпті үдей түсті. Алайда цифрлық дәуірдің көшіне ілесу оңай емес. Алдымен ол үшін әрбір мемлекет өз даму жолын айқындап алғаны жөн. Мұндай жағдайда жасанды интеллектінің әлеуетін тиімді пайдалануға болады.



Жақында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында: «Жаңа технологиялық ахуалға сақадай сай тұруымыз қажет. Бұл – еліміздің бәсекеге қабілетін арттырып, тұрақты дамуына жол ашатын аса маңызды фактор. Жасанды интеллектіні дамыту алдыңғы қатарға шықты, соған байланысты технологиясы дамыған алып елдер арасында бәсеке қыза түспек», – деді.

Сондықтан еліміздің технологиялық болашағы жасанды интеллектіні қаншалықты игерді. Осыған орай Шекара академиясының 1-факультеті 3-арнайы кафедрасында оқу-әдістемелік басқармасының аға офицері подполковник М.Тұрсыновтың жетекшілігімен «Жасанды интеллектінің жоғары білім деңгейіне әсері» атты тақырыпта «Microsoft корпорациясы» веб-сайтында онлайн режимінде брифинг ұйымдастырылды.

Онда жасанды интеллектінің жоғары білімге әсерін талқылау үшін оқыту мен зерттеудің жаңа әдістерін дамытуға ықпал ететін өзгерістер қажеттігін тудыру туралы мәселелер сөз болды. Сонымен қатар, студенттер мен оқытушыларды жаңа технологиялармен жұмыс істеуге дайындау үшін білім беру бағдарламаларын жаңартуды талап ететін құнды ақпараттар айтылды.

Брифинг спикерлері – Қазақ ұлттық ғылыми-зерттеу техникалық университетінің математика ғылымдарының профессоры Сергей Хрущев, СЕМА аймағындағы Microsoft Copilot компаниясының аға менеджері Ольга Руснак, Microsoft корпорациясының білім беруді дамыту бөлімінің басшысы Данияр Жұмабеков әскери қызметшілерге жасанды интеллекті туралы құнды мәлімет беріп, жаңа технологияны тезірек меңгеріп алуға шақырды.


**Ж.ЖАБЫРБЕКОВ,
ҚРҰҚК Шекара академиясының
баспасөз хатшысы.**

Шекараға алқашқы қадам...

Шекара – бұл ата-бабадан қалған кең байтақ даламыздың қорғаны, оны күзететін әрбір жас сарбаз үшін ерекше мәртебеге ие. Еліміздің кең байтақ шекарасын қорғау – тек аумақтық тұтастықты сақтау ғана емес, сонымен қатар туған жерге деген сүйіспеншілік пен патриотизмнің ерекше көрінісі. «Күз-2024» шақырылым сарбаздары, Жамбыл облысы шекара шебіне алғаш аяғын аттап басып, әскери қызметтің алғашқы сынағы әрі шекара қорғаушысы ретінде жаңа белесті бастады.

Жас сарбаздар шекара бөлімшесінде алғашқы күндері өздерін сынап, әскери қызметтің күрделі қырларын меңгеруде. Бастапқы оқу мен тәжірибеден өтіп, олар жауапкершілікпен шекара аумағының әрбір бөлшегіне көңіл бөлуді, жердің ерекшеліктерін, табиғаттың айнымалы күйін және белгісіздікті байқап, қауіп-қатерлерді алдын ала анықтауды үйренді. Сарбаздардың айтуынша шекара шебінде атқарған нарядтары, сонан алған әсері жәй ғана бір ауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес, ал ішкі жан дүниесі «Отан» деген сөздің шынайы мән мағынасын түсініп жатқан екені дәл ме дәл.

Жас сарбаздар өздеріне жүктелген әртүрлі шекара нарядтарының міндеттерін айрықша түсініп ұғынуда. Мәселен, «Шолғын» шекара нарядының қызметінде олар із-бақылау жолағы мен бақылау құралдарын тексеріп, шекараға жақындаған заңсыз әрекеттерді анықтап, әрбір белгі мен дабылды мұқият қадағалауды ұйымдастырады. «Бақылау бекеті» шекара наряды биіктегі темір бақылау мұнараларында, шекара аймағын тереңнен бақылап, кең даланың тыныштығын, тау мен жазықтың сырын көзбен көрді.



Мұнарадан көрінген алыстағы қозғалыс, табиғаттың бейбіт тыныштығы мен елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды бөлшек ретінде, сарбаздардың жігері мен зейініне қосымша күш берді. Олар әрбір белгіні, әрбір өзгерісті назардан тыс қалдырмай, туған жердің бейбіт өмірін қорғау міндетін толық сезінді. Жаяу жүріп өткен әрбір сәт, олар үшін

тек физикалық сынақ қана емес, шекарамыздың беріктігіне кішкене болса да, маңызды үлесін қосу. Әрбір қадам, әрбір басылған тастың астындағы сыр – ел тыныштығы.

Осындай, шекарадағы жас сарбаздардың әсерлері ерекше. Тек әскери дайындықтың ғана емес, сонымен қатар рухани және моральдық шыңға жетуге мүмкіндік берді. Олар шекараны күзетудің әрбір сәтінде өздерінің ұлттық борыштарын түсініп, туған жердің тыныштығы мен тәуелсіздігін сақтаудың маңыздылығын ұмытылмас сабақ ретінде қабылдады.

«Күз-2024» шақырылымы аясында жастардың алғашқы тәжірибе алмасуы шекара қорғаушысы ретінде қалыптасуға, олардың армандары мен болашақтарының нығаюына үлкен мүмкіндіктер береді. Олар туған жерінің шекарасына бірінші қадамдарын жасап, әрбір сәтте өз міндетін терең сезініп, елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұлы міндетін өз мойындарына алды. Осылайша, болашақта олар ұлттық қауіпсіздіктің жарқын кепілі, елдің батыр қорғаушылары ретінде қалыптасатыны анық.



Капитан А.ЖЕКСЕНБИН, «OS-ЧР». Суреттер шекара бөлімшесінен.

МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ

ЕЛ ШЕБІНІҢ ҚОРҒАНЫ

Қазақстан Республикасының шекарасы – мемлекеттің тәуелсіздігінің, тыныштығы мен тұрақтылығының басты кепілі. Осы шекараны күзетіп, мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ерлік пен адалдықтың үлгісін көрсетіп жүрген сарбаздарымыздың бірі – ефрейтор Қасымбеков Жалғас.

Жалғас – Түркістан облысы, Түркістан қаласының тумасы. Ол 2019 жылы өзі оқыған №23 жалпы орта мектепті аяқтап, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Қазақ-Түрік университетінде математика мамандығын игерді. Білімін жетілдіріп, болашақ ұрпаққа жол көрсететін ұстаз болуды мақсат етсе де, Отан алдындағы қасиетті борышын өтеу үшін шекара қызметіне келуді ұйғарды. Осылайша, қазіргі таңда ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Абай облысы бойынша департаментіне қарасты Мақаншы ауданы шекара басқармасының «Ақшоқы» шекара бөлімшесінде қызметтік иттердің аға нұсқаушысы ретінде Отанға адал қызмет етіп келеді.

Ефрейтор Ж.Қасымбеков шекара қызметіне келген алғашқы күннен бастап әскери өмірдің қатаң тәртібіне тез бейімделіп, шекара күзетінде сенімді серік болуға дайындалды. Ол тек қана қарумен шекараны қорғамай, қызметтік иттерді үйрету арқылы да шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде үлкен рөл атқаруда.

Оның сенімді серігі – Фиона есімді қызметтік иті. Фиона – із кесу, есірткі мен жарылғыш заттарды анықтау, сондай-ақ заңсыз шекара бұзушыларды ұстау бойынша жоғары дайындықтан өткен ерекше қабілетті ит. Жалғас пен Фионың өзара үйлесімді жұмысы қызметтегі сенімділікті арттырып, талай жауапты тапсырмаларды сәтті орындауға септігін тигізіп келеді.

“Шекараны күзету – тек әскери қызмет емес, ол – үлкен жауапкершілік пен адалдықты талап ететін борыш. Әр сарбаз өзіне жүктелген міндетті шын жүрекпен, бар ықыласымен атқаруы тиіс. Мен үшін шекарашы болу – Отанға деген сүйіспеншіліктің ең биік көрінісі”, – дейді Жалғас.

Жалғас шекара қызметіне келгелі тәртіп пен жауапкер-



шіліктің маңызын терең түсінгенін айтады. Әскери өмір оған шыдамдылықты, ерік-жігерді, сенімділік пен батылдықты үйретті. Ол үшін шекара – тек күзетілетін аумақ қана емес, бұл – бабалар аманаты, келешек ұрпаққа қалатын киелі мұра.

Әскери борышын өтей жүріп, ол шығармашылық қабілетін де ұштауда. Оның “Шекараның ерлері” атты өлеңі тек сарбаздарға ғана емес, бүкіл ел азаматтарына Отан қорғаудың маңызын ұғындыратын ерекше туынды. Өлең жолдарында сарбаздардың қайсарлығы, шекарадағы түнгі күзет, Отанға деген махаббат пен адалдық көрініс табады.

“Ақшоқы” шекара бөлімшесі – еліміздің шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын бөлімшелердің бірі. Мұндағы сарбаздар әрдайым жоғары дайындықта, кез келген жағдайға әзір тұрады. Жалғас өз бөлімшесін мақтанышпен атап, мұндағы әр шекарашының жанқиярлықпен қызмет етіп жатқанын ерекше құрметпен еске алады.

“Біздің бөлімше – нағыз батырлардың ордасы. Мұнда әрбір сарбаз Отан алдындағы міндетін абыроймен атқаруға барын салады. Біз үшін еліміздің тыныштығы – ең басты міндет. Сондықтан әрбір жауынгер өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайды”, – дейді ол.

Қасымбеков Жалғас шекара қызметінде өзін шыңдап, болашақта еліміздің қауіпсіздігі мен қорғанысын нығайтуға өз үлесін қосуды мақсат етеді. Оның басты арманы – Отанға адал қызмет етіп, туған елінің бейбітшілігі мен тұрақтылығына өз еңбегімен үлес қосу.

Ефрейтор Қасымбеков Жалғас – жігерлі, батыл, Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып жүрген сарбаз.

Оның әрбір ісі шекарадағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған. Ол үшін шекара қызметі – тек әскери борыш қана емес, бұл – өмір мектебі, бұл – нағыз патриотизмнің үлгісі.

Осындай сарбаздардың арқасында еліміздің шекарасы берік, тәуелсіздігі тұғырлы, болашағы жарқын болмақ!

ШЕКАРАНЫҢ ЕРЛЕРІ

*Созылып, жайнап жатыр қазағымның жерлері,
Күзетіп жүр кірпік қақпай шекарасын елдегі.
Даңқың тасып, мерейің үстем болсын,
Елі сенген, батыр жүрек шекараның ерлері.*

*Ғалымнан да, шахтерден де асып түскен ерлігі,
Бұзылмайды сарбаздардың татулық пен бірлігі.
Біліп жүрер болып жатқан жаңалықты елдегі,
Аман жүрші, ауырмашы шекарамның ерлері.*

*Еліміздің соңғы жерін күзеткен топ,
Жігеріміз лапылдайды алау болып.
Бұйрық алып қызметке аттанамыз,
Шекараны күзетуге нық дайын боп.*

*Жарқырап тұр бөлімшесі Ақшоқының,
Күзетеді еліміздің тыныштығын.
Бұзылуына жол бермейді шекараның,
Жас буын сарбаздары заставаның.*

*Берік болсын ерқашанда ел іргесі,
Кетпесін, таси берсін әрбір үйдің берекесі.
Бабаларым жанын беріп алып қалған,
Кең даламнан кетпесінші бостандықтың көлеңкесі.*

Лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.

РАЙЫМБЕК БАТЫР

Бір ғасырдан бері шекарашылар күзетіп келе жатқан қазақ-қытай шекарасын ең бірінші кім қорғады дегенде, біз әрине қол бастаған Райымбек батырды айтамыз. Ал сол батырдың туған жердің әрбір сүйемін жауына бастырмаған батырлығы мен батылдығы туралы романдар мен поэмалар аз жазылған жоқ. Бір ғана ақиық ақын, поэзия патшасы Мұқағалидың «Райымбек! Райымбек» деген тарихи поэмасы Жоңғар шапқыншылығында қайталанбас ерлік жасаған батыр бабасы Райымбек туралы.



РАЙЫМБЕК БАТЫР БҰЛАҒЫ

Бүгінде ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің шекара басқармасына есімі берілген Райымбек батыр – қазақтың атақты қолбасшысы. Қазақ-жоңғар шайқасы кезеңіндегі саясаткер, дипломат. Райымбек батыр бар өмірін Қазақ хандығының аумағын жаудан азат етуге арнады. Батыр жоңғарларды таулы аймақтардан Кегең, Қарқара, Нарынқол өзендері арқылы қуып шығып, Қазақ хандығының жоңғар шапқыншыларынан азат етілуінің белгісі ретінде қызыл белгі (Қызыл шекара) орнатқан. Батыр Ресеймен келіссөздерге қатысып, 1734 жылы Петерборға барады, Жоңғария мен Қытайға дипломатиялық миссия барысында елші болды. Батырды халық «әулие» деп атады.

Райымбек бастаған қазақ қолы қалмақтармен болған кезекті шайқаста Бұғыты тауы мен Торайғыр тауларының арасындағы Көкпекті жазығынан өтіп, Торайғыр тауының етегіне қостарын тігеді. Қаншама күнгі ұрыстан әбден қажыған әскер су іздеп, әлекке түседі. Шөл қысқан сарбаздар бір тамшы суды аңсайды. Бірақ еш жерден су табылмайды, төңірек толған түксиген қарасұр жартастар. Сонда Райымбек батыр Аллаға сиынып, іштей тілеу тілейді. Қолындағы ұшы өткір найзасын жерге сіңіре қадайды да, суырып алады. Міне, керемет! Найза сұғылған тұстан атқылап, бұлақ суы шығады!

Содан қазақ қолы әлгі мөлдіреген салқын суды ішіп, құтты бұлақтың жағасында екі күн жатып, тынығады да, бар күш-жігерін бойына жинап, жауға қарсы шабады.

Көкпекті жазығындағы шайқаста Райымбек батыр он сегіз рет жекпе-жекке шығып, жоңғар батырларын шетінен қырғынға ұшыратады. Қазақ жауынгерлері осы шайқаста үлкен жеңіске жетеді. Әлгі бұлақ Райымбек бұлағы деп аталып кетеді. Ол бұлақ қазір де бар.

...«Қазақ елінің 100 аңызы» атты топонимикалық аңыздар туралы альбом-кітап осылай сыр шертеді.

Ал туған жеріміздің ғажайыптары туралы жазудың хас шебері Сапарбай Парманқұл деген журналист ағамыз бізді өзіне бірден еліктіріп әкеткен «Райымбек

бұлағы» деген мақаласында былай деп қалам тербейді:

«...Сіз Алматыдан шығатын Құлжа жолымен Аспантауды бетке алып жолға шықсаңыз, 165 шақырымнан кейін Көкпек жазығы құшағын айқара ашып, ақбас таулардың кейпін көңейте түседі. Оң беткейге назар салсаңыз, Торайғыр тауының әдемі әспеті бұлаңытып, өзіне менмұңдалап шақыра береді. Жусанды сайдың өзегінде жер астынан бұлқына буырқанып жатқан қайнар бұлақ суы төскейде көзіңізге оттай басылады. Бұл жердің тұрғындарына көптен таныс «Райымбек бұлағы» дегеніңіз, осы шіркін! Әйгілі Бұқар жырау, Қабан жырау, Сабдалы жырау, Жамбыл мен Көдек, Тілеміс шайырлар батырдың өшпес ерлігін жырға қосып, күмбірлете жырлағанын білеміз. Жарықтық алдымызда, кезінде көміліп қалған көзін ашқан Райымбек бабамыздың қайнар бұлағы. Бұл күнде елге жетуге асыққандай буырқанып ағады. Жол бойы қанша асықсақта, қасиетті қайнардың кесе толы суынан рахаттана мейірлене ұрттадық.

«Райымбек бұлағы» ары-бері өткен жолаушының сауабын алып буырқанып қайнап жатыр. Бұлқына бер, батыр бабаның мөлдір суы...»

Қызық, біздің шекарашылар көркем-сөздің шеберін толғандырған бұлақтың басына тоқтап, бал суын сімірді ме?..

**Әскери журналист
Т.ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР».**

КЕЛБЕТ

ФОТОЭТЮД

Шекараның берік қалқаны



Шекарашылардың қатарында адал қызметімен ерекше көзге түсіп, өз саласында жақсы жетістікке жеткен мамандардың бірі – ефрейтор Ғабит Есмұрат. Ол ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасының «Нұр Жолы» (жолаушылық) шекаралық бақылау бөлімінің аға нұсқаушысы.

иттері үнемі сергектік танытып, көліктер мен жүктердің қуыс-қалтарысына жасырылған заттарды анықтауға көмектеседі.

Ғабит Ермеқұлы Талды ауылындағы «Д.Рақышұлы» атындағы орта мектепті бітірген соң, 2016-2017 жылдары Отан алдындағы әскери борышын өтеді. Келісімшарт негізінде әскерге орналасқанда алғашында «Ынталы» шекара заставасында бірінші мобильдік топ бастығы болып қызмет атқарды. «Нұр Жолы» (жүктік) бөліміне кіші бақылаушы лауазымына ауысты. Шекаралық қызметке деген жауапкершілігі мен кәсіби дайындығы оған үздік маман ретінде қалыптауға мүмкіндік берді.

2023 жылдың наурыз айында ҚР Шекара қызметінің Кинология орталығында төрт айлық арнайы курста оқып, қызметтік иттерді даярлау ісінде жоғары білім алды. Сол жылғы маусым

айынан бастап «Нұр Жолы» (жүктік) бөлімінде аға ит нұсқаушысы лауазымында қызмет атқарып келеді.

Оның кәсіби шеберлігі 2024 жылы ҚР Шекара қызметінің біріншілігінде ұйымдастырылған қызметтік иттер жарысында «Адамды тексеру» номинациясы бойынша үздік кинологиялық есеп тобын басқарып, жоғары нәтиже көрсетуімен дәлелденді. Бұл марапат – оның үздік шекара маманы екенін айқындады.

Ефрейтор Ғабит Есмұрат сынды мамандар – шекара қызметінің мақтаныштары. Оның қажырлы еңбегі, адалдығы мен кәсіби шеберлігі жас шекарашыларға үлгі болып, шекара шебінің қауіпсіздігіне зор үлес қосып келеді.

**Подполковник
М.ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».**
Сурет шекаралық бөлімінен.



Төлеби ауданы бойынша шекара басқармасы
Қақпақ шекара бөлімшесінің түнгі наряды



OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
Меншік иесі:
Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
Редакцияның мекенжайы:
Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63 үй.
Телефондар: Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38
Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57
Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56
E-mail: smi_pogran@mail.ru
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:
gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Рахат Нурғалиев
Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин
Тілшілер: Азамат Мұханов,
Олжас Жақсылықов

Меншікті тілшілер:
Алматы - Тамара Дәулетбаева
Атырау - Бауыржан Қожантай
Ақтау - Асхат Жаналипов
Ақтөбе - Жасұлан Шармаков
Жетісу - Манарбек Қарекенов
Жамбыл - Асыллан Жексенбин
Шымкент - Рауан Нұрмет

Қызылорда - Әкімжан Төлебай
Өскемен - Ғалымжан Бақетов
Семей - Ердіс Қайртай
Петропавл - Динара Утебаева
Павлодар - Гүлзада Садыкова
Қостанай - Нұрасыл Сақен
Орал - Айжан Көлбай
Фототілшілер: Аян Қайыр,
Өмірбат Айтәлі
Компьютерлік безендіру және беттеуші:
Нұрхан Кабдулов
Корректорлар: Өркен Шопашев, Майра Касенова
Нөмірдің кезекші редакторлары:
Ж. Кемел, А. Киргизбаев

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы даталар мен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді.
Газетті есепке қою туралы № 1394-г күнделікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі берген.
Газет "OS-ЧР" Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.


Дәстүр мен Жаңашылдық

Кітап – адамзат мәдениетінің асыл қазынасы, ол ғасырлар бойы білім мен даналықты жинақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. Кітап оқу – бұл тек ақпарат алу ғана емес, сонымен қатар ой-өрісімізді кеңейтіп, шығармашылық қабілеттерімізді дамытуға мүмкіндік беретін ерекше процесс.



Соңғы жылдары елімізде білім мен мәдениетті насихаттау мақсатында түрлі акциялар мен жобалар жүзеге асырылуда. Солардың бірі – «Кітап сыйла» акциясы. Бұл бастама қоғамда кітап оқу мәдениетін арттыру, жастарды білімге құштар ету және кітаптың маңыздылығын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған. Әрбір бетте жаңа өлемдер, идеялар мен сезімдер бізді күтеді. Кітап оқудың пайдасы шексіз: ол білімді арттырып, стресті азайтып, эмпатияны дамытуға көмектеседі. Бүгінгі таңда, цифрлық технологиялардың дамуы мен ақпараттың молдығы кезінде,

кітап оқу әлі де өзектілігін жоғалтпайды. Осы ретте, ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінде өткізіліп жатқан акция «Кітап сыйла» туралы болмақ. Жалпы алғанда, әскери қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру үшін кітап оқу маңызды құрал болып табылады. Әскери қызметшілердің білімін арттыру мен мәдени деңгейін көтеру мақсатында департамент жеке құрамы өздері оқыған кітаптарын әкеліп, оларды шекара бөлімшелеріне жөнелту шарасын ұйымдастыруды қолға алды. Бұл бастама әскери қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттырумен қатар, олардың рухани және психологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған. Департаменттің бұл шарасы уақыт өте келе дәстүрге айналады. Әрбір жөнелтілген кітаптар шекара шебіндегі әскери қызметшілерге жаңа білім мен ақпарат алып келіп, олардың қызметтік міндеттерін орындаудағы тиімділігін арттырады. Кітап оқу арқылы әскери



Лейтенант
Мерлан
БЕКБОЛАТОВ

ОТАН ҮШІН БЕЛІН БЕКЕМ БУАТЫН

Алаш жұрты айбынды ер деп мақтаған,
Ұстазсыңдар сарбаздарды баптаған,
Жап-жас бала жауынгер боп шығады,
Академия есігінен аттаған.

Қаймықпа деп қару беріп қолына,
Түспесін деп жаудың құрған торына,
Қаршығадай бол дейсің сен қырағы,
Адастырмас бағыт беріп жолына.

Тілеп елдің тыныш өмір сүргенін,
Беріктігін көп ойлайсың іргенін,
Сайыпқыран сарбаздарды даярлау,
Ең жауапты жұмыс екен, білгенім.

Үйретесің жауға жұмсақ болмауды,
Үйретесің қазақ жерін қорғауды.
Отан үшін отқа түссең күйме деп,
Үйретесің аязына тоңбауды.

Баяғының батырлары тәрізді,
Сендер жайлы айтады жұрт аңызды.
Арқандағы жүгің ауыр басқадан,
Міндетің де бөрінен де маңызды.

Отан үшін белін бекем буатын,
Жауға кеткен кегін қанмен жуатын,
Академия-батырлардың мектебі,
Бір ғасырда бір-ақ рет туатын!



Аға лейтенант
Ә.ТӨЛЕБАЙ,
«OS-ЧР».
Суреттерді
түсірген автор.

«Бір ел – бір кітап» акциясы

Осы аптада Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасының техникалық және кәсіби даярлық бөлімінің сарбаздары, аудандық орталық кітапханада «Бір ел - бір кітап» акциясы бойынша ұйымдастырылған іс-шараға қатысып қайтты. Аудандық кітапхана қызметкерлері жауынгерлерді, осы акция бойынша кітап көрмесіне қойылған қаламгерлердің кітаптарымен таныстырып өтті.



Ақын, жазушы, әдебиет сыншысы Т.Әлімқұлов пен ақын, аудармашы Ж.Нәжімеденовтің өмірбаянына тоқталып, шығармашылығы туралы әңгімеледі. Көрмеге жазушылардың кітапхана қорындағы барлық туындылары қойылды. Сарбаздар қызығушылықпен қарап, танысып шықты.

Кітапханашылар акция соңында сарбаздармен жалпы әңгімелесе отырып, Зайсан ауданының тарихы мен жергілікті жердің ерекшелігіне тоқтала кетті және аудандық орталық кітапхананың құрылуы жайлы, кітапхананың оқырмандармен жұмыс жасау қызметтерімен таныстырып өтті. Сонымен қатар, қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі жас жеткіншектердің кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру жолдары мен «Бір ел-бір кітап» акциясының негізінде, оқырмандарға ұсынылатын кітаптар жайлы айтып өтті.

Ұлтты тәрбиелеуге, болашақ жастарды отансүйгіштікке, адамгершілікке баулуға бағытталған шығармалар жинағын, газеттер мен журналдар тізбегін үнемі кітапхана қорынан табуға болады. «Бір ел-бір кітап» акциясының біздің жауынгерлерге де берер тәлім-тәрбиесі мол. Өздерін Отан қорғаушы, ұлттық мүдделерді сақтаушы, салт-дәстүр мен ұстанымдарды жалғастырушы ұрпақ ретінде білетін сарбаздар мол рухани құндылықтарды алды.

А. МАРҚАБАЕВА.
Зайсан ауданы бойынша
шекара басқармасы.

ПОЭЗИЯ



Лейтенант
Мерлан
БЕКБОЛАТОВ

ОТАН ҮШІН БЕЛІН БЕКЕМ БУАТЫН

Алаш жұрты айбынды ер деп мақтаған,
Ұстазсыңдар сарбаздарды баптаған,
Жап-жас бала жауынгер боп шығады,
Академия есігінен аттаған.


Қаймықпа деп қару беріп қолына,
Түспесін деп жаудың құрған торына,
Қаршығадай бол дейсің сен қырағы,
Адастырмас бағыт беріп жолына.

Тілеп елдің тыныш өмір сүргенін,
Беріктігін көп ойлайсың іргенін,
Сайыпқыран сарбаздарды даярлау,
Ең жауапты жұмыс екен, білгенім.

Үйретесің жауға жұмсақ болмауды,
Үйретесің қазақ жерін қорғауды.
Отан үшін отқа түссең күйме деп,
Үйретесің аязына тоңбауды.

Баяғының батырлары тәрізді,
Сендер жайлы айтады жұрт аңызды.
Арқандағы жүгің ауыр басқадан,
Міндетің де бөрінен де маңызды.

Отан үшін белін бекем буатын,
Жауға кеткен кегін қанмен жуатын,
Академия-батырлардың мектебі,
Бір ғасырда бір-ақ рет туатын!



Рядовой
Егор
ПИСКОРСКИЙ

Инженеры-пограничники

Инженеры-пограничники, люди
сильной воли,
В горах и степях, под солнцем
и метелью в поле.
Инженеры-пограничники,
воины в тени,
Они – те, кто строят границы нашей
страны.

Там, где трудно и темно, там,
где холодно и ветер,
Там, где дождь идет стеной
и барханы из песка.
Там, куда нельзя дойти, там шагают
по планете,
Наши славные бойцы инженерного
отдела.

Их работа требует внимания,
Точности, особого призвания.
На границу инженер приходит
первым,
Чтоб план проекта сделать верным.

На плечах ответственность большая:
Путь держать открытым, понимая -
Что каждый метр дороги драгоценен,
Каждый шаг их опытом проверен.